



ЕҚЫҰ

Демократиялық институттар және адам құқықтары бойынша бюросы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ

3 сәуір 2011 жыл

ЕҚЫҰ / ДИАҚБ Сайлауды байқау миссиясы

Қорытынды есебі



Варшава

16 маусым 2011 жыл

МАЗМҰНЫ

ЕҚЫҰ.....	1
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНСТИТУТТАР ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЙЫНША БЮРОСЫ	1
ЕҚЫҰ / ДИАҚБ САЙЛАУДЫ БАЙҚАУ МИССИЯСЫ.....	1
ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ	1
ЕҚЫҰ / ДИАҚБ САЙЛАУДЫ БАЙҚАУ МИССИЯСЫ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ	3
I. ҚЫСҚАША ШОЛУ	3
II. КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫСТАР	5
III. САЯСИ ЖАҒДАЙ.....	6
IV. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА ЖӘНЕ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ	7
V. САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	10
VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ	12
VII. КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ	13
VIII. САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ ЖАҒДАЙЛАРЫ	15
IX. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ	17
A. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА	17
B. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ -НЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА ЖАСАҒАН МОНИТОРИНГ	18
X. ӘЙЕЛДЕРДІҢ САЙЛАУҒА ҚАТЫСУЫ	20
XI. ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ САЙЛАУҒА ҚАТЫСУЫ.....	21
XII. ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫЛАР.....	22
XIII. ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛАР	22
XIV. САЙЛАУ КҮНІ.....	26
A. Сайлау учаскелерінің ашылуы және дауыс беру	27
B. Дауыстарды санау	29
XV. САНАУ НӘТИЖЕЛЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ.....	30
XVI. САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРУ	31
XVII. КЕҢЕСТЕР	32
A. Бірінші кезектегі кеңестер	32
B. Басқа кеңестер	34
ҚОСЫМША: САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	37
ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ТУРАЛЫ.....	38

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ

3 сәуір 2011 жыл

ЕҚЫҰ / ДИАҚБ Сайлауды байқау миссиясы Қорытынды есебі*

I. ҚЫСҚАША ШОЛУ

Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінен шақыру алғаннан кейін, ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары бойынша бюросы (ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ) 3 сәуірдегі Мерзімінен бұрын президенттік сайлауды байқау үшін 2011 жылдың наурыз айында Сайлауды байқау миссиясын (СБМ) жолдады. Сайлау күнгі байқау үшін ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ СБМ ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының (ЕҚЫҰ ПА) делегациясымен бірлесіп жұмыс істеді.

Шынайы демократиялық сайлау жүргізу үшін қажетті реформалар әлі де жүзеге асырылуы тиіс, себебі осы сайлау кезінде алдыңғы сайлаулардағыдай кемшіліктер анықталды. Сайлау техникалық жағынан жақсы ұйымдастырылғанмен, оппозиция кандидаттарының және белсенді саяси пікірталастардың болмауы сайлау бәсекесі жоқ жағдайға әкелді.

Сайлау Конституция және Сайлау туралы заңға мерзімінен бұрын президенттік сайлау өткізуге мүмкіндік беретін түзетулер шұғыл түрде енгізілгеннен кейін көп ұзамай ұйымдастырылды. Мемлекеттік билік органдарының сайлауға қатысты заңнаманы жақсартуға және ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ-ның кейбір ұсыныстарын енгізуге бағытталған шараларына қарамастан, көптеген маңызды ұсыныстар әлі де қолданылмай отыр. Құқықтық базада ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа халықаралық стандарттарға маңызды сәйкессіздіктердің, соның ішінде сайлану құқығының, митинг өткізу бостандығының және сөз бостандығының шамадан тыс шектелуінің орын алуы жалғасуда. Сайлау туралы заңда сайлау процесінің әртүрлі аспектілеріне қатысты екі ұштылықтар және олқылықтар бар, ал Орталық Сайлау Комиссиясы (ОСК) заңнамаға қосымша болатын жеткілікті нормативтік база қабылдаған жоқ. Бұл құқықтық белгісіздікке және заңның қолданылуында қарама-қайшылықтар болуына әкелді.

Барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары сайлаудың сайлауалды кезеңдегі техникалық аспектілерін кәсіби түрде ұйымдастырды. Олардың отырыстары негізінен байқаушыларға және Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне ашық өткізілді. Алдыңғы сайлаулардағыдай, ОСК кең ауқымды тренингтер өткізді және оларға арналған нұсқау материалдарын шығарды. ОСК нұсқаулықтар қабылдады, алайда сайлау процесінің сайлау күнгі рәсімдер және дауыс беру нәтижелерін анықтау сияқты негізгі аспектілері бойынша ешқандай ресми нормативтік ережелер қабылдаған жоқ. Саяси партиялар ОСК-нан басқа сайлау комиссияларының мүшелерін ұсынуға құқылы болды. Алайда көптеген сайлау комиссияларының басым көпшілігі *іс жүзінде* билеуші Нұр Отан партиясымен бірлескен болды және оппозиция атынан ұсынылған комиссия мүшелерінің саны аз болды. Бұл сайлау комиссияларының бейтараптығына сенімнің азаюына әкелді. Сонымен бірге, сайлау комиссиялары мен жергілікті атқару органдары арасында анық бөліну болмағаны көрінді. Жұртшылықтың сын пікірлеріне жауап ретінде, осы сайлау кезінде ОСК электрондық дауыс беруді қолданбауға шешім қабылдады.

Кандидаттарды тіркеу процесінде толығымен қамту болмады және қолдаушылардың қолдарын тексерудің анық ережелерінің және міндетті түрде өткізілетін Қазақ тілі сынағының нәтижелелерін бағалаудың анық критерийлердің жоқтығы байқалды.

* Осы құжаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары бар. Тек ағылшын тіліндегі нұсқа ресми құжат болып табылады.

Оппозициялық партиялар сайлауға қатыспау туралы шешім қабылдады. 22 үміткердің ішінен төрт кандидат, соның ішінде қызметтегі Президент тіркелді. Үш кандидат қызметтегі Президентпен бәсекеге түспеуге шешім қабылдады, бұл жағдай сайлау бәсекесін одан әрі азайтты және сайлаушылардың таңдау мүмкіндіктерін шектеді. Сайлау кезінде шынайы саяси бәсекенің жоқтығы белсенді, сыншыл сайлауалды пікірталастардың болмауына әкелді.

Қызметтегі Президенттің атынан өткізілген сайлауалды үгіт көзге көбірек түскенмен, басқа кандидаттардың үгіт шаралары көзге тым аз түсті. Жергілікті атқарушы органдардың, жұмыс берушілердің және университет басшыларының сайлаушыларға қызметтегі Президенттің сайлауалды үгіт шараларына қатысу және сайлауға келген сайлаушылар саны көп болуын қамтамасыз ету мақсатымен оларға дауыстарын беру туралы нұсқау беру үшін әкімшілік мүмкіндіктерін қолданған оқиғалар орын алды. Осындай оқиғаларды ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ СБМ байқаушылары көптеген облыстарда құжаттады және олар студенттерге, жұртшылыққа, сонымен бірге жеке қызметкерлерге әсер етті. Кейбір оппозициялық саяси партиялар және азаматтық қоғамдық бірлестіктер сайлауға байкот жариялауға шақырды. Олар негізінен митингтер өткізе алғанымен, оларға тыйым салған бірнеше оқиғалар орын алды және азаматтардың байкот жариялауға шақырған шараларға қатыспауын талап етіп, қысым көрсетілгені туралы сенімді ақпарат алынды.

Сайлаушылар тізімін кең ауқымды түрде үйлерді аралап тексеру және азаматтардың өз мәліметтерін тексеруіне мүмкіндік беру арқылы сайлаушылар тізімінің сапасын жақсартуға бағытталған шаралар жүргізілді. Алайда арнайы сайлау учаскелерінде дауыс берген сайлаушылардың тұрғылықты мекен-жайлары бойынша сайлаушылар тізімінен уақытша шығарылуын қамтамасыз ететін механизмдер болған жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің шектеулі жағдайы, жала жабу мен жәбірлеудің заңға қарсы іс деп танылуы, сонымен бірге шектен тыс жоғары айыппұл төлеуді көздейтін Азаматтық кодекстің ережелері оларды өз қызметтеріне өздері цензура жасауына мәжбүрлейді. 2005 жылғы президенттік сайлаумен салыстырғанда, БАҚ өкілдері кандидаттар туралы ақпарат жариялауды жаңалық хабарларында тең түрде қамтамасыз етті. Алайда, жаңалық бағдарламаларынан басқа, сайлау туралы аналитикалық бағдарламалар болмады дерлік, себебі осындай хабарлар тарату ақылы саяси жарнама деп саналды. БАҚ өкілдерінің сайлауалды үгіт туралы өз еркінше хабарлау құқығы шектелді, осылайша сайлаушылардың, жаңалық хабарларынан басқа, ағымдағы оқиғалар туралы бағдарламалардан сайлауалды үгіт туралы әділ, теңестірілген және бейтарап ақпарат алу құқығы да шектелді. Бұл сайлаушылардың толық хабардар болып таңдау жасау мүмкіндіктерін азайтты. Қызметтегі Президент туралы оны елдің Президенті ретінде қызметінің тек жақсы жақтарын көрсететін қосымша хабарлар берілді. Сонымен қатар Қазақстанның тәуелсіздігінің 20 жылы ішінде жеткен жетістіктерін паш ететін және 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламаны халыққа таныстыратын көптеген жарнама хабарлары жүргізілді, *іс жүзінде* олар қызметтегі Президенттің кандидатурасына пайдасын тигізді.

Сайлау туралы заңда жауапкершіліктің жалғыз сатылы құрылымы бар анық белгіленген шағымдар мен апелляцияларды қарау рәсімдері көзделмеген. Азаматтардың сайлау комиссияларына, мемлекеттік қызметкерлерге және билік органдарына қарсы жазған шағымдары жөніндегі сот шешімдеріне апелляция жасау құқығы жоқ. Шағымдардың өкілетті емес органдарға немесе соттарға жазылған оқиғалары болды, бұл кей жағдайларда мүдделі тараптардың шағымдарды қарау рәсімдерін анық түсінуі болмағанын көрсетті. Осыған қоса, өкілетті органдардың шағымдарды қарау рәсімінің түрлі аспектілері жөнінде түсініктеме беруі әрдайым өзара сәйкес келмеді және өзара байланыспады. Сайлау туралы дау-дамайларды қарауда негізінен өзара сәйкестік, ашықтық, анық шешім қабылдау жетіспеді және олар тиісті түрде қаралады, бұл жазбаша шешімдерден де көрінді. Бұл нәтижелі құқықтық көмек алу мүмкіндігін шектеді және шешім қабылдаушы тұлғалардың

бейтараптығына күмән туғызды. ОСК қабылдаған шағымдарының ешқайсысы жөнінде алқалық отырысында дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жоқ, ал соттар кейбір шағымдарды қараудан бас тартты, бұл заң талаптарына қайшы келді.

Сайлау комиссияларының мүшелері арасында әйелдер саны көп болды, алайда әйелдердің саяси партиялар мен үкімет құрамының жоғарғы эшелондарында орын алуы әлі де жеткіліксіз, осы сайлауға әйел кандидат қатысқан жоқ. Ұлтаралық қатынастар тұрақты және ұлттық азшылықтар мәселелері сайлауалды үгіт кезінде мемлекеттің көпұлтты қоғамды қолдау мақсатына адалдығын көрсетіп, жақсы жағынан сипатталды. Сайлау комиссияларындағы ұлттық азшылық өкілдерінің саны көп болды, алайда олар сайлау комиссияларының басшылары арасында аз болды. Сайлау және сайлауалды үгіт материалдары қазақ және орыс тілдерінде жарияланды.

Көпшілігі қызметтегі Президент пен билеуші партияның атынан ұсынылған кандидаттардың сенімді тұлғалары мен партиялардан ұсынылған көптеген байқаушылар, сәйкесінше, қатысты. Екі жергілікті азаматтық қоғамдық бірлестік белсенді байқау жұмысын жүргізді. Сайлау күні жергілікті және халықаралық байқаушылардың нәтижелі түрде байқау қызметін жүргізуіне кедергі жасау оқиғалары орын алды, байқаушылар өздерінің сайлау учаскелерін байқауына шектеу қойылғанын және ашықтықтың болмағынын баяндады.

Сайлау күні тыныш өтті және сайлаушылардың 90% келгені хабарланды. Халықаралық байқаушылар байқаған сайлау учаскелерінің 90%-н оң бағалады, алайда 10%-н теріс бағалады, бұл шешілмеген жүйелі және маңызды мәселелерді көрсетеді. Олар маңызды заңбұзушылықтарды, соның ішінде сайлаушылар тізімдерінде бірдей болып көрінген қолдар кездескен көптеген оқиғаларды, дауыс беру жәшігіне сайлау бюллетендерінің заңсыз салынуы оқиғаларын және сенімді тұлғалардың дауыс беруі, көп мәрте дауыс беру және жанұялық дауыс беру оқиғаларын байқады. Дауыс берудің құпиялығына әрдайым кепілдік берілмеді.

Байқау жүргізілген УСК-ның әрбір бесеуінің бірінде дауыстарды санау рәсімі теріс бағаланды. Халықаралық байқаушылар дауыстарды санау рәсімін бұзылғанын, дауыстарды санаудың дұрыс ұйымдастырылмағанын және ашықтық болмағанын байқады. Байқаушылардың дауыстарды санауға және санау нәтижелерін анықтауға байқау жүргізуінің шектелуінің бірнеше оқиғалары болды. Байқау жүргізілген УСК-дағы санау рәсімдерінің әрбір алтауының бірінде нәтижелер хаттамаларын толтыруда қиындықтар болды және төрттен бірінен көп УСК-ларда хаттамалардың көшірмелері ашық түрде қарауға ілінген жоқ.

ОСК егжей-тегжейлі сайлау нәтижелерін жариялаған жоқ, бұл санау нәтижелерін анықтаудың және бүкіл дауыс беру процесінің ашықтығын едәуір азайтты. ОСК және Территориялық (облыстық) Сайлау Комиссиялары (ТСК) нәтижелер хаттамаларының немесе жиынтық кестелерінің көшірмелерін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на беруден бас тартты. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Аудандық және Қалалық Сайлау Комиссияларынан (АСК) алған жиынтық кестелерінің әрбір бесеуінің төртеуінде кестедегі мәліметтердің халықаралық байқаушылар сайлау учаскелерінен алған санау нәтижелерінің хаттамаларындағы мәліметтерге сәйкес келмеуі анықталды. ОСК сайлау дау-дамайларын қарау мерзімі аяқталмас бұрын және бірнеше шағымдар сотта қаралуы күтілуі кезінде, Назарбаев мырзаны сайланған президент ретінде тіркеді.

II. КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫСТАР

Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінен шақыру алғаннан кейін, ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары бойынша бюросы (ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ) 3

сәуірдегі Мерзімінен бұрын президенттік сайлауды байқау үшін 2011 жылдың 1 наурызында Сайлауды байқау миссиясын (СБМ) жолдады. ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ СБМ-н Елші Даан Эвертс басқарды және оның құрамына Астана қаласына және 13 облыс орталықтарына орналастырылған ЕҚЫҰ-на мүше 27 елден келген 16 аналитиктер мен 29 ұзақ мерзімді байқаушылар (ҰМБ) кірді.

Сайлау күні байқау жүргізу үшін ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ СБМ ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының (ЕҚЫҰ ПА) делегациясымен бірлесіп жұмыс істеді. ЕҚЫҰ ПА делегациясы басшысы Тонино Пицула мырзаны ЕҚЫҰ лауазымдағы төрағасы осы сайлауға арналған ЕҚЫҰ қысқа мерзімді бақылау миссиясын басқаратын Арнайы координатор ретінде тағайындады. Жалпы алғанда 380 қысқа мерзімді байқаушылар, соның ішінде ЕҚЫҰ-на мүше 43 мемлекеттерден жолданған 260-тан аса байқаушылар сайлауға байқау жүргізді. Сайлау күні олар жалпы саны 9725 сайлау учаскелерінің ішінен 1780-тен аса сайлау учаскелерінің ашылуына және ондағы дауыс беруге байқау жүргізді. Дауыстарды санау рәсіміне 151 сайлау учаскелерінде және санау нәтижелерін анықтау рәсіміне 207 АСК –ның ішінен 123 АСК-да байқау жүргізілді.

ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ СБМ осы сайлаудың демократиялық сайлау өткізу жөніндегі ЕҚЫҰ-ның міндеттемелеріне және басқа халықаралық стандарттарға және жергілікті заңнамаға сәйкестік дәрежесін бағалады. Осы қорытынды есеп 4 сәуірде баспасөз мәслихатында жария етілген және ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ вебсайтына орналастырылған Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдемеден кейін жасалды.¹ ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ СБМ Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігіне сайлауды байқауға шақырғаны үшін және ОСК-на ынтымақтастығы және аккредиттеу құжаттарын бергені үшін алғыс айтқысы келеді. Сонымен бірге ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ СБМ басқа ұлттық және жергілікті мемлекеттік органдарға, сайлау комиссиялары басшыларына, БАҚ өкілдеріне, кандидаттарға, саяси партияларға және қоғамдық бірлестіктерге олардың ынтымақтастығы үшін және Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығына, ЕҚЫҰ-на мүше елдердің елшіліктеріне және Ынтымақтастық серіктестеріне олардың ынтымақтастығы үшін және Қазақстанда тіркелген халықаралық ұйымдарға олардың қолдау көрсеткені үшін ризалығын жеткізгісі келеді.

III. САЯСИ ЖАҒДАЙ

3 сәуірдегі мерзімінен бұрын президенттік сайлау азаматтар қызметтегі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың мерзімін 2020 жылға дейін ұзарту туралы референдум өткізуге бастама көтергеннен кейін өткізілді. Хабарланған мәліметтер бойынша 2010 жылдың 26 желтоқсаны - 2011 жылдың 14 қаңтары аралығында референдумды қолдайтын азаматтардың 5 200 000-нан астам қолдары жиналған. 7 қаңтарда Президент Парламенттің референдум өткізу туралы ұсынысын қабылдаудан бас тартты, бірақ 14 қаңтарда Парламенттің палаталарының екеуі де Конституцияға алғашқы Президенттің лауазымдағы мерзімін ұзарту туралы референдумды өткізуге негіз болатын түзетулер енгізу туралы заң қабылдады. Президент осы түзетулердің Конституцияға сәйкес болу-болмауы туралы алаңдаушылық танытып, оларды Конституциялық Кеңеске жолдады. 31 қаңтарда Конституциялық Кеңес, заңда Президенттің өкілеттігінің ұзартылу мерзімі анық белгіленбегендіктен, заң Конституцияға сәйкес емес деген қаулы қабылдады. Осы қаулы қабылданғаннан кейін Президент мерзімінен бұрын сайлау өткізу туралы ұсыныс жасады. 3 қаңтарда Парламент Конституцияға Президентке мерзімінен бұрын сайлаудың күнін белгілеуге мүмкіндік беретін түзетулер енгізді және келесі күні Президент сайлау күнін 3 сәуірге белгіледі.

¹ <http://www.osce.org/odihr/76345>.

Қазақстандағы саяси жағдай мықты оппозициялық партиялардың, шынайы плюрализмнің және белсенді саяси пікірталастардың жоқтығымен сипатталады. Қазіргі уақытта Қазақстанда он саяси партия тіркелген, Президент Назарбаев төрағалық ететін билеуші «Нұр Отан» партиясы басым күшке ие және Мәжілістегі (Парламенттің төменгі палатасы) барлық 98 сайланбалы орындарға ие. Оппозиция бейбіт митингтер өткізуге тыйым салынуы, белсенді мүшелердің қамауға алынуы және бұқаралық ақпарат құралдарына шығуға мүмкіндіктің жоқтығы сияқты әртүрлі шектеулерге тап болуда. Кейбір оппозициялық партиялар өздерінің дамуына және әуелеттерін нығайтуына әдейі кедергі жасалатынын, ал талапты саясаткерлердің халыққа кеңінен танымал болу мүмкіндіктері шектеулі екенін мәлімдеді. «Алға» партиясы 2005 жылдан бері тіркелуге әрекет етіп келеді, алайда өтініші екі рет қабылданбаған. Осы партияның 2009 жылы жазылған соңғы өтініші әлі шешімін күтуде, алайда шешім қабылдау мерзімі белгіленбеген, себебі Әділет Министрлігі қолдаушы азаматтардың қолдарын тексеруді уақытша тоқтатты. Жалпыұлттық Социал-демократиялық партия (ЖСДП) және «Азат» партиясы 2009 жылы бірігуге шешім қабылдады, алайда содан бері біріккен партияны тіркеуде қиындықтарға тап болды. Үкіметтік емес ұйымдар шектеулі жағдайда жұмыс істеуде, олардың ішінде билік өкілдерін сынағандары өздеріне қысым көрсетілгендігі және қорқытып-үркіту жасалғандығы туралы мәлімдеді, сонымен бірге қаражат тапшылығынан мүмкіндіктері шектелген.

IV. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА ЖӘНЕ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

Президенттік сайлау бойынша негізгі құқықтық базаға Конституция, Сайлау туралы конституциялық заң (Сайлау туралы заң), Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) қаулылары кіреді. Сайлауға қатысты басқа заңдарға, басқалармен қатар, Президент туралы заң, Саяси партиялар туралы заң, Азаматтық кодекс, Қылмыстық кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, Азаматтық процессуалдық кодекс және Бейбіт жиналыстар туралы заң, сонымен бірге ашық жиналыстарға қатысты әртүрлі жергілікті нормативті актілер жатады. Конституция демократиялық сайлауды өткізуге қажетті негізгі азаматтық және саяси құқықтардың сақталуына кепілдік береді, алайда кей жағдайларда ол сайлану құқығын және сөз бостандығын тым шектейді. Қазақстан демократиялық сайлау өткізуге қатысты негізгі халықаралық және аймақтық құжаттардың тарабы болып табылады.²

Президент екі айналымдық сайлау жүйесімен сайланады. Дауыс берудің бірінші айналымында сайлану үшін кандидат барлық дауыстардың жартысынан көбін алуы тиіс. Кандидаттардың ешқайсысына дауыстардың тиісті басым көпшілігі берілмесе, көбірек дауыс алған екі кандидат сайлаудың екінші айналымына қатысады, ондағы дауыстардың көп мөлшерін алған кандидат сайланды деп саналады. Сайланған тұлға екі кезекті мерзімнен аса Президент лауазымында қызмет ете алмайды, алғашқы Президенттің қызмет ете алатын мерзімдерінің саны шектеусіз. 2007 жылы Конституцияға енгізілген түзетулер президенттік мерзімді жеті жылдан бес жылға қысқартты және алғашқы Президентке белгіленген кезекті екі мерзімдік шектен аса сайлануға құқық берді. Екі мерзімдік шектің тең емес түрде қолданылуы 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген Құжатының 7.5-тармағына қайшы келеді.³ 2010 жылы алғашқы Президентке Қазақстанның «Ел басы» ерекше құқықтық мәртебесі берілді және ғұмырлық маңызды саяси өкілеттіктер берді.⁴

² Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (АСҚХП); 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжаты және Демократиялық сайлау стандарттары жөніндегі конвенция, Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше елдердегі сайлау құқықтары және бостандықтары (ТМД Конвенциясы).

³ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген Құжатының 7.5-тармағында мүше елдердің «азаматтардың саяси және қоғамдық лауазымға қол жеткізу құқығын ...дискриминациясыз сыйлауы» көзделген. Сонымен бірге АСҚХП 25-бабын және ТМД Конвенциясының 2(б) –бабын қараңыз.

⁴ Алғашқы Президент – Ел басы туралы заңды қараңыз.

Мерзімінен бұрын президенттік сайлауды өткізуге мүмкіндік беруге бағытталған нақты мақсатпен 2011 жылғы ақпанда Конституцияға және құқықтық базаға түзетулер шұғыл енгізілді. Конституцияға уақытша саяси мүддеге негізделген өзгерістер енгізу саяси процестің тұтастықты бұзады және Конституцияның елдің негізгі заңы ретіндегі мәртебесін төмендетеді.⁵ Сонымен қатар конституциялық түзетулер туралы жан-жақты ашық пікірталастар өткізілмегендігі халықаралық табысты тәжірибеге қайшы келеді.⁶

Сайлау туралы заңның сайлау процесінің әртүрлі аспектілері бойынша ережелерінде екіштылықтар және олқылықтар бар, сонымен бірге ОСК заңнаманы толықтыратын жеткілікті нормативтік ережелер қабылдаған жоқ. Бұл құқықтық белгісіздікке және сайлау процесі барысында заңның қолданылуындағы қарама-қайшылықтарды туындатты. Сонымен бірге ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның алдыңғы есептерінде құқықтық реформаларға қатысты жасаған бірқатар маңызды ұсыныстары жауапсыз қалып отыр.⁷ Сайлау туралы заңға 2009 жылдың ақпанында негізінен аздаған түзетулер енгізілді және олар маңызды жетілдірулерді қамтамасыз еткен жоқ, сонымен бірге президенттік сайлауға қатысты алдыңғы ұсыныстарға жеткілікті түрде сәйкес болған жоқ.⁸

Сонымен қатар сайлаудың құқықтық базасының ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және халықаралық стандарттарға сай болмауы жалғасуда, соның ішінде митингтер өткізу бостандығының және сөз бостандығының орынсыз шектелуі 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген Құжатының 9.2 - тармағына және 9.1-тармағына қайшы келеді.

Бейбіт жиналыстар туралы заңда қоғамдық митингтер өткізуге шамадан тыс шектеулер қойылған, бұл халықаралық стандарттарға және табысты тәжірибеге сәйкес келмейді.⁹ Атап айтқанда, ол митинг өткізушілердің (митинг өткізетіндегі туралы хабарлама беруін емес) митингтер өткізу үшін алдын ала рұхсат алуын талап етеді, бұл митинг өткізуді қолдайтын презумпцияның қағидаларына қайшы келеді. Сонымен бірге, әсіресе, рұхсатсыз митингтер өткізгені немесе оларға қатысқаны үшін жазаға тартылатын болғандықтан, митинг өткізу туралы өтінішті алдын ала ең кемінде он күн бұрын жасау талабы тым ұзақ мерзім және азаматтардың қоғамда орын алып жатқан оқиғаларға тиісті шапшаңдықпен жауап беруі немесе нәтижелі сайлауалды науқан өткізуіне мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін. Сонымен қатар осы заңда ашық митингтер өткізілетін орындарға кең ауқымды шектеулер және жергілікті атқарушы органдардың рұхсат беру-бермеу туралы немесе митингтердің уақытын

⁵ 2009 ж. желтоқсандағы Еуропа Кеңесінің «Құқық арқылы демократияға» Комиссиясының («Венеция Комиссиясы») «Конституциялық түзету туралы есебінің» 5-тармағы бойынша «мемлекеттік билікті жүргізуге және жеке адам құқықтарын қорғауға арналған негізгі ережелер тұрақты және болжамды болуы тиіс және оған шұғыл өзгерістер енгізілмеуі тиіс» Мына сайтты: [http://www.venice.coe.int/docs/2010/CDL-AD\(2010\)001-e.pdf](http://www.venice.coe.int/docs/2010/CDL-AD(2010)001-e.pdf) қараңыз.

⁶ *Сол жерде*, 245-тармағы, «Конституциялық реформа еркін және ашық қоғамдық пікірталастарды, сонымен бірге қоғамдық пікірдің мәселелерді талқылауына және нәтиже шығаруына жеткілікті уақытты талап ететін процесс».

⁷ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның Қазақстан Республикасындағы алдыңғы сайлаулар жөніндегі есептерін мына сайттан <http://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan> қарауға болады.

⁸ Саяси партиялар туралы заңға да 2009 жылы түзетулер енгізіліп, тіркеу бойынша талаптарға аздаған жеңілдіктер жасалды, алайда бұл түзетулер саяси партияларды тіркеу бойынша халықаралық табысты тәжірибенің тұрғысынан жеткіліксіз болды. Саяси партияларды реттеу бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ және Венеция Комиссиясы нұсқаулықтарының 65-73-тармақтарын қараңыз: http://www.osce.org/files/documents/2/b/77812_0.pdf.

⁹ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген Құжатының 9.2-тармағы “барлық азаматтар бейбіт жиналыстар және митингтер өткізуге құқылы. Осы құқықтарды жүзеге асыруға қойылуы мүмкін кез келген шектеулер заңмен белгіленеді және халықаралық стандарттарға сай болуы тиіс» екені көзделген. Сонымен бірге 2010 жылғы маусымдағы Бейбіт жиналыстар өткізу бостандығы жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ және Венеция Комиссиясы нұсқаулықтарын (2-басылым) қараңыз: [http://www.venice.coe.int/docs/2010/CDL-AD\(2010\)020-e.pdf](http://www.venice.coe.int/docs/2010/CDL-AD(2010)020-e.pdf).

және өткізілетін орнын өзгерту туралы шешім қабылдауға кең ауқымды өкілеттікке иелінуі көзделген.

Конституция сөз бостандығына кепілдік беретін болғанымен, онда, сонымен қатар, барлық тұлғалардың абырой мен қадір-қасиетін қорғайтын және Президенттің абыройы мен қадір-қасиетіне тиіспеушілікті көздейтін ережелер бар.¹⁰ (Конституцияның 34.1 және 46.1-баптарын қараңыз.) Сонымен қатар Сайлау туралы заңның 50 және 59- баптарында басқа кандидаттың немесе абыройы мен қадір-қасиетін түсіргені үшін немесе Сайлау туралы заңның 27.2 –бабында тыйым салынған сайлауалды үгітті ерте жүргізгені үшін кінәлі деп танылған кандидаттардың тіркеуден шығарылуы көзделген. Бұл ережелер іс жүзінде жеке тұлғалар туралы сынап сөйлеуді немесе жариялауды және қоғамдық мүдделерге қатысты мәселелерді талқылауды қиын етеді, осылайша сөз бостандығына қатысты ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және халықаралық стандарттарға сай келмейді.¹¹ Жала жабу және жәбірлеу қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік жүктелетін қоғамдық заңбұзушылық болуы жалғасуда және Президентті және мемлекеттік қызметкерлерді жәбірлеу үшін қатаңырақ жаза көзделген.¹² Қылмыстық кодекске 2011 жылғы қаңтарда енгізілген түзетулер «қылмыстық заңнаманы ізгілендіру» мақсатын қойды, алайда жала жабудың заңға қарсы іс деп танылуын жоймады.

Конституция және Сайлау туралы заңда сайлану құқығына қойылған кең ауқымды шектеулер бар. Атап айтқанда, «сотталғандығы белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған» тұлғалардың, қылмыстың ауырлық дәрежесіне қарамастан, өз кандидатурасын президент лауазымына ұсынуына салынған тыйым мөлшерлестік қағидасын бұзу болып табылады.¹³ Кандидаттардың өз кандидатурасын президент лауазымына ұсынуына елде тұру ұзақтығы қабылдарлық талап саналғанымен, елде 15 жыл тұру талабы орынсыз ұзақ болып табылады, сондықтан халықаралық стандарттар мен табысты тәжірибеге сай келмейді.¹⁴ Сонымен бірге, Сайлау туралы заң өте кең ауқымды негіздерге сүйеніп кандидаттың тіркеуден шығарылуына мүмкіндік береді, олардың көпшілігін ақшалай айыппұл салу арқылы анағұрлым мөлшерлес түрде реттеуге болар еді.¹⁵

Конституцияның 41.2-бабында қазақ тілін еркін меңгеру кандидатқа қойылатын талап ретінде белгіленген. Алайда, құқықтық базада кандидаттың қазақ тілін меңгеру дәрежесін

¹⁰ Конституцияның 34.1 және 46.1- баптарын қараңыз.

¹¹ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген Құжатының 9.1- тармағында ЕҚЫҰ-на мүше елдердің сөз бостандығын қамтамасыз ету туралы міндеттемесі белгіленген және ол тек заңға сәйкес шектеулерге, егер олар халықаралық стандарттарға сай болса, мүмкіндік береді. АСКХП 19.2 –бабы мынаны көздейді: «Барлық адам сөз бостандығына құқылы; бұл құқыққа қандай да бір ақпаратты және идеяларды, шектелмеген түрде, ауызша немесе жазбаша немесе басылған, өнер түрінде немесе өзі таңдаған құралдар арқылы іздеу, қабылдау және бөлісу бостандығы жатады».

¹² Қылмыстық кодекстің 129, 130, 317–1 және 318-баптары және Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша кодекстің 100-бабы.

¹³ Сайлау туралы заңның 4.4-бабын қараңыз. 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген Құжатының 24-тармағында, ішінара, «құқықтар мен бостандықтарға қойылған кез келген шектеулер, демократиялық қоғамда қолданыстағы заңның мақсаттардың біріне байланысты болуы тиіс және сол заңның осы мақсатына қатаң түрде мөлшерлес болуы тиіс» екені көзделген.

¹⁴ БҰҰ Адам құқықтары комитеті 25- жалпы түсініктемесінің 15-тармағында «сайлауға өз кандидатурасын ұсынуға қойылған кез келген шектеулер объективті және орынды критерийлермен түсіндірілуі тиіс. Басқа жағдайларда сайлауға өз кандидатурасын ұсынуға жарамды тұлғалар білімі, тұрғылықты жері немесе шыққан тегі сияқты орынсыз немесе дискриминациялық талаптар немесе саяси бірлесуі себебі бойынша шектелмеуі тиіс» екені көзделген. Сонымен бірге Венеция Комиссиясы Сайлау мәселелеріндегі Табысты Тәжірибе Кодексінің 1.1(c)-тармағын қараңыз, 5-бет [http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD\(2002\)023-e.pdf](http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD(2002)023-e.pdf).

¹⁵ Мысалы, Сайлау туралы заңның 34-бабы қаржылық есеп берудегі қателіктер үшін тіркеуден шығаруға мүмкіндік береді.

бағалаудың объективті және орынды критерийлері жоқ, бұл тіркеу процесіндегі ашықтықты, әділдікті, және сәйкестікті азайтады. Сонымен бірге осындай тіл меңгеру талаптары ұлттық азшылықтарға жататын азаматтардың саяси өмірге қатысу мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін, оның үстіне, Конституцияның 7.2-бабы мемлекеттік органдарда орыс тілі ресми тіл ретінде қазақ тілімен тең дәрежеде қолданылуын көздейді.

Сайлау бойынша құқықтық базаның бірқатар басқа аспектілері, соның ішінде, басқалармен қатар, барлық деңгейдегі сайлау комиссияларындағы шынайы плюралистік өкілдікке кепілдіктің болмауы, тең сайлауалды үгіт мүмкіндіктеріне кепілдіктер жеткіліксіз берілуі және дауыстарды санау нәтижелерін анықтау процесіндегі ашықтықты қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз талаптар халықаралық табысты тәжірибеге сай емес. Әсіресе, 2009–2012 жылғы Қазақстан бойынша Ұлттық Адам құқығы бойынша іс-әрекет жоспары Қазақстандық құқықтық базадағы негізгі кемшіліктерді, соның ішінде митингтер өткізу бостандығын, сөз бостандығын, сайлану құқығын және демократиялық сайлаудың тағы басқа қырларын шектейтін аспектілерін айрықша атап көрсеткен және онда құқықтық реформа жасауға ұсыныстар берілген.¹⁶ Алайда, ұсынылған реформалар осы күнге дейін іс жүзінде жүзеге асырылмады.

V. САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сайлауды төрт деңгейлі сайлау комиссияларының жүйесі ұйымдастырды. Сайлау комиссиялары ОСК-нан, 14 Облыстық сайлау комиссияларынан және Астана және Алматы қалалық сайлау комиссияларынан (әрі қарай бірлесіп ТСК деп аталады), 207 АСК және 9725 Учаскелік сайлау комиссияларынан (УСК) тұрады. Комиссиялардың әрқайсысы жеті мүшеден тұрады және бес жылға сайланады. ОСК Төрағасы және екі мүшесін Президент тағайындайды, ал Сенат және Мәжіліс әрқайсысы екі ОСК мүшесін тағайындайды. Төменгі деңгейдегі сайлау комиссиялары мүшелерінің көпшілігін саяси партиялар ұсыныстары негізінде 2009 жылғы сәуір-мамыр айларында тиісті Мәслихаттар (Жергілікті атқару органдары) тағайындады.¹⁷

ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на оппозициялық партиялар ұсынған комиссия мүшелерінің шамамен 90 пайызы сайлау комиссияларына тағайындалғанын баяндады. Кейбір саяси партиялар, соның ішінде ЖСДП және Қазақстан Коммунистік партиясы (ҚКП) өздерінің өкілдерінің сайлау комиссияларында тым аз болуы туралы аландатушылық танытты,¹⁸ ал көптеген комиссиялардың мүшелерінің көпшілігі билеуші «Нұр Отан» партиясымен *іс жүзінде* бірлескен болды.¹⁹ Бұл сайлау комиссияларының бейтараптығына сенімсіздік

¹⁶ 37–51-тармақтарын қараңыз:

http://www2.ohchr.org/english/issues/plan_actions/docs/Kazakhstan2009-2012.pdf.

¹⁷ Барлық сайлау комиссиялары мүшелерінің шамамен 94.5 пайызын Мәслихаттар тағайындады (олардың 76.5 пайызын саяси партиялар, 16.6 пайызын басқа қоғамдық бірлестіктер және 6.9 пайызын жоғарғы деңгейдегі сайлау комиссиялары ұсынды), ал қалған 5.5 пайызын жоғарғы деңгейдегі сайлау комиссиялары тағайындады.

¹⁸ ОСК берген мәліметтері бойынша, «Ақ жол», Коммунистік партия және ЖСДП өкілдері бірге барлық сайлау комиссияларының тек 6 пайызында болды. 2009 жылы «Азат» барлық облыстардағы сайлау комиссиялары мүшелерін ұсынуға байкот жариялады, ал «Ақ жол» және ЖСДП 13 облыста өз өкілдерін ұсынған жоқ, мұның басты себебі өздері әділетсіз сайлау деп санайтын сайлауға қарсылық көрсету ниеті болды.

¹⁹ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ Ақмола, Алматы, Шығыс, Батыс және Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Павлодар және Жамбыл облыстарында осындай жағдай болғанын баяндады. Мысалы, Қарағанды облысы Шахтинск қаласындағы АСК, Павлодар облысы Қашыр ауданы АСК және 456, 459, 460, 463, 464, 466, 468, 469, 470, 472, 476, 478, 483, 484, 583 және 599 сайлау учаскелері, мүшелерін ресми түрде әртүрлі саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер ұсынған, алайда барлығы «Нұр Отан»

туғызады. Бірқатар жағдайларда комиссия мүшелерінің өздерін қандай саяси партия ұсынғанын білмейтіндігі анықталды.²⁰

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ елдің барлық облыстарында көптеген сайлау комиссияларының мүшелері, көбіне олардың сайлау күні қатыса алмайтындығын мәлімдегеннен кейін (негізінен отбасы жағдайларымен), ауыстырылып жатқандығын баяндады.²¹ Ауыстыру барысында ауыстыратын комиссия мүшелерін тағайындауға жауапты органдарға, осындай мүшелерді тағайындау ережелеріне және олардың комиссия мүшелері ретінде мерзімдеріне қатысты анықтық және ашықтық жетіспеді. Сонымен бірге ауыстырулар айнымалы түрде жүзеге асырылды – көптеген облыстарда жаңа комиссия мүшелерін жоғары тұрған сайлау комиссиялары тағайындады, кейбір облыстарда осындай шешімдерді Мәслихаттар немесе тиісті жоғары тұрған комиссия қосымша бекітті.²²

Сайлау туралы заң бойынша сайлау комиссиясына бір ұйымнан алынған тұлғаларды енгізуге тыйым салынған.²³ ОСК осы ережені тек жеті мүшенің барлығының бір ұйымнан болуына тыйым салу ретінде түсіндірді, ал бұл сайлау органдарының тәуелсіздігі қағидаларына сай келмеуі мүмкін.²⁴ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сайлау комиссияларының мүшелерінің көпшілігі бір ұйымнан болуы орын алған бірқатар оқиғаларды байқады.²⁵

Сайлау туралы заң бойынша сайлау комиссияларында өкілдері жоқ саяси партиялар тиісті сайлау комиссияларына сайлау мерзіміне дауыс беруге құқығы жоқ өкілдерін тағайындай алады және өкіл барлық құжаттамаға және басқа ақпарат көздеріне қол жеткізуге сайлау мүшелерімен тең дәрежеде құқылы.²⁶ Алайда, ОСК партиялардың дауыс беруге құқығы жоқ өкілдерін ОСК-ның өзіне тіркеуден бас тартты, бұның негізі ретінде Бас прокуратураның заңды қорытындысын келтірді.²⁷ ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на кандидаттардың сенімді тұлғаларының да ОСК деңгейінде тіркелуге құқығы жоқтығын хабарлады, алайда Сайлау туралы заң сенімді тұлғаларға барлық сайлау комиссияларының отырыстарына қатысуға құқық береді, бірақ партиялардың дауыс беру құқығы жоқ өкілдеріне құқық бермейді. Бұл

20 партиясының мүшелері болды.
ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында және Алматы қаласында осындай оқиғалар болғанын баяндады.

21 Сайлау туралы заңның 19.8 – бабы жоғарғы деңгейдегі сайлау комиссиялары төменгі сайлау комиссияларындағы бос орындарға комиссия мүшелерін тиісті Мәслихат сайлау комиссияларын тағайындау туралы жалпы ережелерге сәйкес жаңа комиссия мүшесін тағайындағанға дейін уақытша тағайындауға құқылы екенін көздейді.

22 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ Астана қаласында ТСК, бұл АСК міндеті бола тұра, УСК мүшелерін ауыстырғанын баяндады. 2011 жылдың 21 ақпанында Шығыс Қазақстанда, Семей қалалық сайлау комиссиясы өз мүшелерінің үшеуін тағайындады.

23 Сайлау туралы заңның 19.9-бабын қараңыз.

24 Венеция Комиссиясы Сайлау мәселелері бойынша Табысты Тәжірибе Кодексінің 3.1(b) тармағында “әкімшілік өкілдерінің саяси билігі бар тұлғалардан тәуелсіздігінің көп жылдық дәстүрі жоқ жерлерде ұлттық деңгейден бастап сайлау учаскесі деңгейіне дейінгі барлық деңгейлерде тәуелсіз, бейтарап сайлау комиссиялары құрылуы тиіс» екені көрсетілген, мына сайтты қараңыз: [http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD\(2002\)023-e.pdf](http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD(2002)023-e.pdf). Сонымен бірге, ТМД Конвенциясының 19.2(j) –тармағы бойынша “Конвенция тараптары болып табылатын мемлекеттер өздеріне...тәуелсіз, бейтарап сайлау органдарын құруды қамтамасыз етуге міндет алады».

25 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ осындай жағдайлар Астана және Алматы қалаларында, сонымен бірге Павлодар, Ақмола және Алматы облыстарында кеңінен тарағанын баяндады.

26 ЖСДП өз өкілдерін кей жағдайларда партия өкілдері ретінде тіркеуден бас тартқанын немесе олардың азаматтықтарын, тұрғылықты мекен-жайын немесе жойылмаған сотталғандығын тексеру мақсатымен, осындай тексерулер заң бойынша талап етілмесе де, оларды тіркеу кейінге қалдырылғанын баяндады.

27 Өзінің 15 наурыздағы отырысында ОСК Жалпыұлттық Социал-Демократиялық Партияның өкілін ОСК-на тіркеуден бас тартты. ОСК бұның алдында осы мәселені Бас Прокуратураға жолдаған болатын. Бас Прокуратура ОСК партиялардың ұсынуымен тағайындалмауы себебімен, партиялардың ОСК деңгейінде өкілдері болуына құқығы жоқтығын мәлімдеген заңды қорытындысын шығарды.

ОСК қызметінің шектеді және ТМД Конвенциясының 11.4-бабында көрсетілген қағидаларға қайшы келді.²⁸

Барлық деңгейлердегі сайлау комиссиялары, соның ішінде ОСК сайлаудың техникалық жағынан кәсіби түрде ұйымдастырды. Олар жалпы қауымға және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне және байқаушыларға ашық уақытылы отырыстар өткізді, сайлаушыларды сайлау туралы хабардар етуге бағытталған кең ауқымды шараларды өткізді, сонымен бірге сайлауға қатысуға шақыруға көп көңіл бөлді. ОСК барлық ресми шешімдері ОСК вебсайтында қазақ және орыс тілдерінде кідірмей жарияланды. ТСК және АСК негізінен ресми отырыстарды аз өткізді және ресми шешімдерді аз қабылдады. Барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары белгіленген мерзім ішінде уақытылы жұмыс істеді. Сайлауалды кезеңде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ төменгі деңгейдегі сайлау комиссиялары жақсы ұйымдастырылғанын және ынтымақтастық танытқанын байқады. Жалпы алғанда, ТСК-лары заңнамадан хабардар және білімді. Байқаушыларға танытылған ашықтық және ынтымақтастық дәрежесі кейбір ТСК-лары мен АСК-ларында дауыстарды санау және санау нәтижелерін анықтау кезінде анағұрлым төмендеді.

ОСК сайлау комиссиялары мүшелерін тағайындау және ауыстыру туралы, ұсынылған кандидаттарды қолдаушы азаматтардың жиналған қолдарын тексеру туралы, кандидаттардың сенімді тұлғаларын және саяси партиялардың өкілдерін тіркеу туралы немесе дауыс беру, дауыстарды санау және санау нәтижелерін анықтау рәсімдері бойынша ресми ережелер шығарған жоқ. Бірақ тікелей бағынышты төменгі сайлау комиссиялары үшін сайлау процесінің кейбір аспектілері бойынша нұсқаулықтар²⁹ берді және оларға тренингтер³⁰ өткізді. Осылайша ресми ережелердің болмауы тиісті елдің барлық аймақтарында заң ережелерінің қолданылуында қарама-қайшылықтар болуына әкелді. Жұртшылықтың сын пікірлеріне жауап ретінде, осы сайлау кезінде ОСК электрондық дауыс беруді қолданбауға шешім қабылдады.

Заңнамаға сәйкес, жергілікті атқарушы билік органдарға (*Әкімдіктер*) сайлаудың белгілі бір аспектілерін ұйымдастыруда кейбір жауапкершіліктер жүктеледі (мысалы, сайлаушылар тізімін құрастыру). Алайда, барлық облыстардағы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ-лары көп жағдайда әкімдіктердің қызметкерлері АСК-ның және ТСК-ның төрағалары ретінде қызмет еткендігін және сайлау процесінің барлық аспектілері бойынша билік жүргізгенін байқап, жергілікті билік органдары мен сәйкес сайлау комиссиялары арасында анық бөліну жоқ болып көрінетінін баяндады.

VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

²⁸ ТМД Конвенциясының 11.4 –тармағы бойынша “Тараптар ...кандидатқа – заңда белгіленген тәртіпке сәйкес – кандидатты тіркеген сайлау органына..., сонымен бірге төмен тұрған сайлау органдарына сайлау органының кеңес беруші даусы бар бір мүшесін өзін тағайындаған кандидаттың атынан тағайындау құқығын беру мүмкіндігін растайды...”

²⁹ УСК-на арналған нұсқаулықтардың орыс тіліндегі нұсқасында бақылаушылар мен сенімді тұлғалар дауыс беру нәтижелері протоколдарының көшірмелерін алуға құқылы екендігі туралы ереже келтірілмеген (бұл қазақ тіліндегі нұсқада келтірілген). ОСК бұл техникалық қателерден болғандығын түсіндірді және барлық комиссиялар заңдағы осы ереже туралы тиісті түрде хабардар етіледі деп сендірді.

³⁰ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында тренингтер кезінде төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларына байқаушылардың сайлау учаскелерінің ішінде еркін қозғалып жүруіне рұқсат бермеу туралы нұсқау берілгенін баяндады.

Әкімдіктер тұрғындарды есепке алуға жауап беретін органдардан түскен мәліметтер негізінде сайлаушылардың тізімдерін құрастыруға жауапты. Олар тіркелген сайлаушылар туралы мәліметтерді сәйкес ТСК-на жылына екі рет электрондық немесе жазбаша түрде тапсырады. ОСК сайлаушылардың бірыңғай электрондық Тіркеу тізілімін жүргізеді, оны қосарланған тіркеу жазбаларын анықтауға қолданады. ОСК мәліметтері бойынша 2011 жылдың 1 қаңтарында 9 101 967 дауыс құқығы бар сайлаушылар тіркелген.

Сайлаушылардың тізімдерін үйлерді аралап кең ауқымды тексеру өткізгеннен кейін, дауыс беру басталар алдында сайлаушылар тізіміндегі сайлаушылардың саны 9 181 673-ке көбейді, сайлау учаскелерді жабу кезінде ол 9 200 208-ге жетті.

Әкімдіктер УСК-н сайлаушылар тізімдерімен қамтамасыз етті, тізімдерді сайлау учаскелерінде 2 сәуірге дейін жұртшылық назарына ұсынылды. Сайлаушылардың УСК-ндағы сайлаушылар тізіміндегі өз мәліметтерін түзету туралы немесе қосу туралы өтініштерін, олар өздерінің осы сайлау учаскесінде тұратынын дәлелдеген жағдайда сайлау күніне дейін және сайлау күні жасауына мүмкіндік берілді. Азаматтарды өздерінің сайлау бойынша тіркеу мәліметтерін және сайлау учаскелерінің орналасқан мекен-жайларын тексеруін ынталандыру үшін қосымша шаралар жасалды. Сайлаушыларға өз тіркеу мәліметтерін әуелі ОСК вебсайтынан, содан соң электрондық почта арқылы тексеруіне мүмкіндік берілді. Астана және Алматы қалалық *Әкімдіктері* осы қалалардағы құрылыс жұмыстарының кең ауқымды түрде жүретіндігін, сонымен бірге көше атауларының өзгергендігін ескере отырып, сайлаушыларды тіркеу жөнінде қосымша ақпарат беру үшін шұғыл желі телефондарын орнатты.

Сайлау күніне дейінгі 30 күндік мерзімнен кешікпей, сайлау күні дауыс беруге тіркелген тұрғылықты жерлерінен алыста болатын азаматтар өздерінің уақытша тұратын жерлеріндегі сайлаушылар тізіміне уақытша енгізілуі туралы өтініш жасауға мүмкіндігі болды. Осыған қоса, сайлау күніне дейінгі екі апта ішінде, сайлаушылардың Сырттай дауыс беру куәлігін (СДК) алуға туралы өтініш беруіне мүмкіндігі болды, СДК оларға тіркелген қаласынан, поселкесінен немесе ауылынан тыс жердегі кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруге мүмкіндік берді. ОСК түсіндірмесінің негізінде және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдыңғы ұсыныстарына қарамастан, СДК-тер жасау, өңдеу және оларды есепке алу орталықтандырылмаған түрде сериялық нөмірлерді қолдану арқылы аймақтық деңгейде жүзеге асырылды.

Сайлау туралы заңда демалыс үйлеріндегі, ауруханалардағы немесе басқа медициналық мекемелердегі, шалғайдағы және қатынасу қиын мекендердегі, тергеу изоляторларындағы, шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктеріндегі сайлаушылар арнайы құрылған сайлау учаскелерінде³¹ дауыс бере алатындығы көзделген. Бұл жағдайларда сайлаушылар тізімдері сайлау күнінің алдындағы күні бекітіледі, осы сайлаушыларды олардың тұрғылықты жеріндегі сайлаушылар тізімінен уақытша шығару механизмі болған жоқ.

VII. КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ

Президенттікке кандидат өзін өзі ұсынуына болады немесе оны қоғамдық бірлестік, сонымен бірге саяси партия ұсына алады. Егер ұсынылған кандидат Қазақстанда туып өскен, ең кемінде 40 жастағы, қазақ тілін еркін меңгерген және Қазақстанда соңғы 15 жыл ішінде ресми түрде тұрған қазақстандық азамат болса, ұсынысты ОСК бекітеді. 16 күндік

³¹ ОСК мәліметтері бойынша 525 арнайы сайлау учаскелері, соның ішінде 269-і медициналық мекемелерінде және 35-і шет мемлекеттердегі сайлаушыларға арнап құрылған.

кандидаттарды ұсыну кезеңінен кейін, ұсынылған кандидаттар тіркелу үшін 10 күн ішінде қолдаушы азаматтардың, ең кемінде, 91 010 заңды күші бар қолдарын тапсыруға, шамамен 4000 Евроны құрайтын сайлау жарнасын төлеуге және өздерінің және жұбайларының салық мәлімдемелерін тапсыруға тиіс болды. Бастапқы ұсынылған 22 үміткерлердің ішінен ОСК 4 кандидатты тіркеді.

Оппозиция өкілдері – ЖСДП, «Азат», «Ақ жол», Коммунистік Партия, «Руханият» және тіркелмеген «Алға» партиясы – сайлау өткізу туралы мәлімдеменің қауырт болғандығын, ұсыну және тіркеу мерзімінің екі айдан 26 күнге дейін қысқартылуын, сонымен бірге тіркеу талаптары қатаң болуы өздерінің маңызды саяси бәсекеге түсу мүмкіндіктерін азайтқанын мәлімдеп, сайлауға қатысудан қалыс қалды. ОСК өзін өзі ұсынған кандидат және «Азат» партиясының танымал мүшесі Уәлихан Қайсаровты, Қазақ тілі сынағының нәтижелерінің негізінде тіркеуден бас тартты. Басқа ұсынылған кандидаттар көпшілігі халыққа азырақ танымал болды.

Бастапқы 22 ұсынылған үміткерлердің ішінен бесеуі Қазақ тілі сынағынан өтпеді және төртеуі тапсырған жоқ, ал тағы бесеуі тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін өз кандидатураларын алып тастады. ОСК төрт үміткерді тіркеуден бас тартты, себебі олар қолдаушы азаматтардың заңды күші бар қолдарының жеткілікті санын, салық мәлімдемелерін тапсырмаған және /немесе сайлау жарнасын төлемеген. Бас тартқан төртеуінің ешқайсысы өз кандидатуралары бойынша шешім қабылданған ОСК отырысына қатысуға шақырылған жоқ (немесе қатысқан жоқ). Жалпы алғанда, ОСК төрт кандидатты тіркеді.

Ұсынылған үміткердің қазақ тілінде оқу, жазу және сөйлеу қабілеттерін тексеруден тұратын қазақ тілі сынағы кейбір кандидаттар үшін сайлауға қатысуға кедергі болды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдыңғы кеңестеріне қарамастан, үміткерлердің тілді меңгеру деңгейін іс жүзінде бағалаудың, соның ішінде қанша және қандай қателер қабылданбалы болатындығының анық критерийлері белгіленбеген. ОСК тағайындаған Лингвистикалық комиссия өз қорытындыларын қандай негізде шығарғаны жартылай түсініксіз болып қалып отыр.³²

Кандидаттарды тіркеу бойынша құқықтық ережелерді айқындау туралы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдыңғы кеңестері жауапсыз қалып отыр.³³ ОСК кандидатты қолдайтын азаматтардың жиналған қолдарын жарамсыз деп тануға негіз болатын себептерді айқындайтын ресми ережелер шығарған жоқ. Осы қолдарды тексеру процесінде ашықтық талаптары сақталмады. ТСК-ның тексеру бойынша хаттамаларында қолдардың жарамсыз деп танылуының ешқандай негіздері көрсетілмеген,³⁴ және кандидаттар немесе олардың сенімді тұлғалары көп жағдайда қолдардың жарамдығын тексеру рәсімдеріне қатысуға шақырылған жоқ.³⁵ Сонымен бірге ОСК-ның сенімді тұлғаларды тіркеу туралы түсіндірмелерінің болмауы іс

³² Мысалы Қайсаров мырза сынақты 2005 жылы тапсырып өткеніне және Сенатта қазақша сөз сөйлегендігі белгілі екендігіне қарамастан, сынақты тапсыра алмады. Лингвистикалық комиссия 28 қате тапқан. Қайсаров мырза апелляциясынан соң Жоғарғы сот ОСК шешімін бекітті, бірақ тек 17 қате тапты.

³³ Мына сайтты қараңыз: <http://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan/18153>.

³⁴ Алматы қаласында, Батыс Қазақстанда және Қостанайда барлық тіркелген 4 кандидат туралы ТСК хаттамалары. Қостанай, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстанда Дуамбеков мырза туралы ТСК хаттамалары. Батыс Қазақстанда Сапарғали мырза туралы ТСК хаттамасы.

³⁵ Бұл туралы Солтүстік, Оңтүстік және Батыс Қазақстан облыстарындағы Ахметбеков мырзаның, Батыс Қазақстандағы Сапарғали мырзаның, Қостанай облысындағы Дуамбеков мырзаның сенімді тұлғалары баяндаған. Ақмола облысының ТСК қолдарды тексеру рәсімін байқауға ешқандай сенімді тұлғалар шақырылмағанын растады. ОСК-ның Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдемеге жауабы бойынша «жоғарыда аталған кандидаттар аталған облыстық ТСК-ларының іс-әрекеттері бойынша сотқа апелляция жазуына мүмкіндіктері болды».

жүзінде қолдарды жинау мерзімін қысқаруына әкелді.³⁶

VIII. САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Осы сайлауға төрт кандидат қатысты: Нұрсұлтан Назарбаев мырза, қызметтегі Президент және Нұр Отан партиясының көшбасшысы, Ғани Қасымов мырза, Сенат депутаты және Қазақстан патриоттары партиясының көшбасшысы, Жамбыл Ахметбеков мырза, Қазақстан Коммунистік Халық Партиясынан (ҚКХП) және Мэлс Елеусізов мырза, Қазақстанның «Табиғат» экологиялық одағының төрағасы.

Қызметтегі Президент сайлауалды үгітке жеке өзі қатыспау туралы ниетін жария етті, бұның себебі ретінде өзінің 28 қаңтардағы Халыққа жолдауында оның сайлауалды бағдарламасы баяндалғандығын көрсетті. Ол сайлауалды үгіт жүргізу міндетін Нұр Отан партиясына жүктеді. Президенттің сайлауалды үгіт шаралары тұрақтылық, өркендеу және әл-ауқат тақырыбы айналасында шоғырландырылды және қызметтегі Президентті ұлтаралық ынтымақ кепілі ретінде көрсетілді. Қызметтегі Президенттің кандидат ретіндегі және оның Президент ретіндегі қызметі арасында айқын ажырату жасалған жоқ, сонымен қатар сайлауалды үгіт шараларына көбіне жергілікті билік өкілдері мен мәртебелі тұлғалар қатысты. Атқарушы билік органдары көп жағдайда сайлауалды үгіт шараларын ұйымдастыруға және шаралардың өткізілетін орындарын бөлуге қатысты және Әкімдіктердің қызметкерлері адамдардың сайлауалды үгіт жиындарына қатысуын қамтамасыз етуге тікелей қатысты. Сайлауалды үгіт шаралары өткен жылдардың жетістіктеріне арналды және халыққа ұсынылған ақпарат негізінен пікірталастарға түрткі болмайтындай түрде ұсынылды.

Қызметтегі Президенттің сайлауалды үгіт шаралары көбірек көзге түсті, алайда бірқатар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ҰМБ топтары өз аймақтарындағы жоспарланған сайлауалды үгіт шаралары туралы «Нұр Отан» партиясынан ақпарат алуда қиындықтарға тап болды.³⁷ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ҰМБ қатысқан бірнеше шаралар кезінде оларға қатысушылар өздерінен қатысу талап етілгендігін мәлімдеді.³⁸ Басқа кандидаттар қызметтегі Президентпен бәсекеге түсуге тырыспағандықтан, олар президенттік лауазым үшін шынайы күрес жүргізген жоқ.³⁹ Қасымов мырза мен Елеусізов мырзаның сайлауалды үгіт шаралары қаржы жетіспеушілігі және ұйымдастыру мүмкіндіктерінің шектеулі болуынан ұстамды түрде жүргізілді, сонымен бірге Алматы және Астана қалаларынан тыс жерлерде көзге аз түсті. ҚКХП келесі парламенттік сайлауға қатысу мақсатымен партияның үгіт шараларында қарапайым қолдаушыларға және өзінің бөлімшелерінің желісіне арқа сүйеді.

Барлық кандидаттар өздерінің сайлауалды үгіт шараларын қаржыландыру үшін жалпы сомасы шамамен 1.6 миллион Еуроны құрайтын өз қаржыларын және азаматтардан және ұйымдардан жәрдем ретінде түскен қаржыны қолдана алды. Партиялар мен басқа қоғамдық бірлестіктерден ұсынылған кандидаттар сонымен бірге ұсынушы ұйымнан 560 000 Еуроға

³⁶ Тіркелмеген кандидаттардың бірі, Сәлім Өтен ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на Батыс Қазақстан ТСК оның сенімді тұлғаларын тіркеу үшін одан нотариус куәландырған өтініштерін тапсыруды талап еткенін баяндады, ал басқа облыстарда қарапайым жазбаша өтініштер жеткілікті деп саналды. Ақырында өз кандидатурасын қайтарып алған Дуамбеков мырза барлық облыстарда өзінің сенімді тұлғалары үшін нотариуспен куәландырылған өтініштер тапсырған, алайда, осыған қарамастан, ТСК-лары оның сенімді тұлғаларын шынымен облыстарға жібергенін растайтын жазбаша хаттар тапсыруын талап еткен.

³⁷ Алматы қаласында, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Алматы облыстарында және Батыс Қазақстанда.

³⁸ Алматы, Қостанай, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында.

³⁹ Елеусізов мырза өзінің қызметтегі Президентке дауыс бергенін мәлімдеді. Ахметбеков мырза, 1 сәуірде Астанада ҚКХП дөңгелек үстелінде ашық сұхбат бергенде, өзіне дауыс беретіндігін мәлімдей алмады.

жуық қаржы алуына мүмкіндіктері болды. Сонымен бірге барлық кандидаттар сайлауалды үгіт жүргізуге мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржыны (шамамен 31 500 евро) алды. Бұл қаржы бұқаралық ақпарат құралдарындағы сайлауалды үгіт шараларын, сайлауалды үгіт жиындарын және материалдарды басып шығаруды, сонымен бірге көліктік шығындарды қаржыландыру үшін бөлінді және ОСК міндеттегендей, кандидаттар шаралардың осы түрлерінің әрқайсысына төленетін шығындар мөлшерімен шектелді. Қызметтегі Президенттен басқа, кандидаттар, елдің аумағының үлкендігін және кеңсе жалдау және материалдарды басып шығару құнының жоғары екенін ескере отырып, сайлауалды үгіт шараларына қаржының тапшылығы туралы мәлімдеді. Олар сайлауалды үгіт шараларының орнын Интернетті қолданып үгіт шараларын өткізу арқылы толтыру тырысты, алайда «онлайн» тәртібіндегі белсенділік төмен болды.

Сайлау кезінде шынайы саяси бәсекенің болмауы және саяси баламалардың ішінде талапқа сай таңдаудың болмауы майызды сайлау пікірталастарының жоқтығына әкелді. Сайлауалды үгіт кезінде құқық қорғау органдары мен қауіпсіздік қызметі органдарының өкілдері үйлерді аралап, сайлаушылардың сайлау учаскесінің мекен-жайларын білуін және олардың дауыс беруге ниеттері бар-жоғын тексерді. Сайлаушылардың дауыс беруге көп келуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдар олардың келуіне және дауыс беруіне мәжбүрлейтін әкімшілік мүмкіндіктерін қолданды. Осындай оқиғаларды ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бірқатар облыстарда⁴⁰ құжаттады және олар мемлекеттік органдарда және жеке секторда жұмыс істейтін адамдарға әсер етті.

«Народовластие» (Халық билігі) блогына біріккен ҚКП және «Алға» партиясы, азаматтық қоғамдық бірлестіктермен бірге «Конституцияны қорға» Комитетін құрды. Олар сайлаудың заңдылығына күмән келтірді және сайлауға байкот жариялауға шақырды. Олар ұйымдастырған бірқатар ашық митингтердің кедергісіз өтті. Шымкентте шамамен 80, Өскеменде 60, Павлодарда 50 және Алматыда 400-ден аса адам қатысты. Басқа митингтерде, мысалы 28 наурызда өткен наразылық митингісінде Астана қаласында қатысушыларға қорқыту-үркіту жасалған және митинг өтетін жерге баруға кедергі жасалған.⁴¹ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ-лары байкот жариялауға шақырған плакаттарын құқық қорғау органдары қызметкерлері күштеп алып тастағанын растады. БАҚ сайлауға байкот жариялауға бағытталған бастама туралы бүкіл елге тарайтын хабарлар жариялаған жоқ дерлік. Есесіне ресми ақпараттық агенттіктер екі елді мекендегі «Алға» партиясының мүшелерінің, партияның сайлауға байкот жариялауға шақырғанына келіспегендіктен, топталып партиядан шыққанын, хабарлады.⁴² «Алға» партиясы осындай партиядан топталып шығудың болғанын жоққа шығарды және осындай мәлімдемелерді бойкотқа үгіттеу шараларына көрсетілген қысым белгісі ретінде сипаттады.⁴³

⁴⁰ Алматы қаласы, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Батыс Қазақстан.

⁴¹ Ақтөбеде (Мартук аудандық соты) және Қостанайда екі белсенді мүшесі бірнеше күндік қамау жазасына кесілген. Полиция Көкшетауда белсенді мүшені бірнеше сағат қамауда ұстаған, Алматы қаласында, Алматы обылысында, Тараз және Ақтөбеде белсенді мүшелерді қорқытқан және Павлодар мен Қостанайда жоспарланған сапар жөнінде бірнеше белсенді мүшеден жауап алуға барған. Тараз, Қостанай және Ақмола облысында белсенді мүшелер мінген көліктер мен автобустар тоқтатылған.

⁴² Мәліметтер бойынша тіркелмеген «Алға» партиясынан Веселовка ауылында (Шығыс Қазақстан облысы) 15 наурызда 50 мүшесі шыққан және 17 наурызда Қармақшы ауданында (Қызылорда облысы) 40 мүшесі шыққан, онда олар «Алғаға қарсы Алға» баспасөз мәслихатын өткізген.

⁴³ «Алға» партиясы Шығыс Қазақстанда тек екі мүшесінің шыққанын және Қызылордада партияға мүшелігінен шығатындығын жариялаған бір мүшесі бір жылдан аса уақыт бұрын партиядан шыққанын растады. Партияның штабына партиядан жаппай шығу туралы өтініштер түспеген.

IX. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

A. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Конституция сөз бостандығына кепілдік береді, алайда шындығында сөз бостандығы конституцияның «абырой мен қадыр-қасиетті» қорғайтын ережелерімен және жала жабу мен жәбірлеудің заңға қарсы деп танылуымен шектелген,⁴⁴ және Президент пен мемлекеттік қызметкерлерді жәбірлеу үшін қатаңырақ жаза көзделген. Оған қоса, Азаматтық кодексте жала жабу мен жәбірлеу үшін тағайындалған айыппұлдың шегі немесе шектелген мерзім белгіленбеген.⁴⁵ Жала жабу және жәбірлеу үшін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкіндігі және журналистерге және бұқаралық ақпарат құралдарына шамадан тыс айыппұл салынған азаматтық сот процестерінің санының өсуі олардың қызметінің шектелуіне және БАҚ -ның өз қызметіне өздері цензура жасауға әкеледі.

Құқықтық база бойынша Интернет материалдарының барлық түрлерін, соның ішінде форумдар мен блогтарды бұқаралық ақпарат құралдарымен тең деп саналады және олар қолданыстағы қылмыстық, азаматтық және әкімшілік заңнамаға бағынады.⁴⁶ Бірқатар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на пікірлерін білдірген тұлғалар ретрансляциялық, кабелдік теледидар, IP және Интернет хабарларын тарату үшін лицензия алуды талап ететін «Теледидар және радио хабарларын тарату туралы» заңның жобасы туралы зор алаңдатушылық танытты. Бұл заң бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығын, атап айтқанда бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі тым шектеулі жағдайда балама ақпараттың көзі ретінде қолданылатын Интернет бойынша хабарлар тарату бостандығын, едәуір шектейді.⁴⁷

Сайлау туралы заң кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарында сайлауалды үгіт жүргізу құқықтарын «тең қол жеткізу жағдайында» қарастырады,⁴⁸ бұған мемлекет қаржыландыратын теледидар мен радиодан эфир уақытын және баспасөз бетінен орын беру және саяси жарнама үшін теледидар мен радиодан эфир уақытын және баспасөз бетінен орын сатып алу құқығын қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі.⁴⁹ Алайда құқықтық база бұқаралық ақпарат құралдарының қатаң регламенттелетін жаңалықтардан, мысалы ағымдағы жағдай бағдарламаларынан басқа сайлауалды үгіт туралы кедергісіз хабарлауын және сайлаушылардың сайлауалды үгіт туралы әділ, теңгерілген және бейтарап ақпарат алуына кепілдік бермейді.⁵⁰ ОСК, жеке алғанда мәселені жеткілікті түрде толық реттемейтін,⁵¹ Сайлау туралы заң сайлауалды үгіт туралы БАҚ-ның хабарлауы бойынша ережелерін мемлекеттік және коммерциялық теле-, радио және баспасөз БАҚ-ын кандидаттар туралы

⁴⁴ 2011 жылғы 17 наурыздағы *БАҚ бостандығы бойынша өкілдің Тұрақты кеңеске мерзімдік есебін* мына сайттан қараңыз: <http://www.osce.org/fom/76158>.

⁴⁵ Азаматтық кодекстің 187-бабы.

⁴⁶ «Қазақстан Республикасының ақпарат-коммуникация желілеріне қатысты мәселер бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер және толықтырулар туралы» заң, 2010 жылы 10 шілдеде Президент қол қойған.

⁴⁷ «Теледидар және радиобағдарларын тарату туралы» заң жобасының 35-бабы.

⁴⁸ Сайлау туралы заңның 28-бабы.

⁴⁹ Бұл Заңда кандидат сатып ала алатын ақылы жарнама хабарларының мөлшерінің шегі белгіленбеген, бұл тек жалпы сайлауалды үгіт шығындарының шегімен шектеледі.

⁵⁰ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген Құжатының 7.7 –тармағын қараңыз. Халықаралық тәжірибемен танысу үшін, Еуропа Кеңесінің Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге БАҚ-ның сайлауалды үгітті хабарлауына қатысты шаралар жөнінде CM/Rec(2007)15 Ұсынысын мына сайттан қараңыз: <https://wcd.coe.int/wcd/ViewDoc.jsp?id=1207243&Site=CM&BackColorInternet=C3C3C3&BackColorIntranet=EDB021&BackColorLogged=F5D383>.

⁵¹ 27.7-бабы БАҚ-н тек «кандидаттардың [және] саяси партиялардың сайлауалды үгіт шараларын бейтарап түсіндіруді қолдануға» міндеттейді.

хабарларды жаңалық бағдарламаларында таратуда теңдікті қамтамасыз етуге міндеттеумен түсіндірді. Алайда сайлауалды үгіт туралы жаңалықтардан тыс хабарлар кандидаттар ақысын төлеуі тиіс болған сайлауалды/ саяси жарнама деп саналды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ның бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жасауының нәтижелері ОСК-ның заң туралы осы түсіндірмесінің бұқаралық ақпарат құралдарында қоғамдық маңызы бар мәселелердің талқылануын тежегенін көрсетеді, себебі түсіндірме кандидаттарға хабарлардың құрамын реттеу құқығын берді, іс жүзінде журналисттердің оларға күмән туғызу және сынау құқығынан айырды.⁵²

В. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ -НЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА ЖАСАҒАН МОНИТОРИНГІ

Жақындағы экономикалық дағдарыс салдарынан күшейген жарнамалау нарығының жеткіліксіздігіне байланысты, теле-, радио және баспасөз ұйымдары едәуір мемлекеттік субсидияға тәуелді болып табылады. Қаржылық көмек алу *іс жүзінде* көп жағдайда жағымды хабарларға байланысты. Мемлекеттік қаржының бұқаралық ақпарат құралдарына бөлінуінде ашықтықтың болмауы, сонымен бірге мемлекеттік билік өкілдері «сатып алған» БАҚ-ндағы хабарлар осылай белгіленбеуі,⁵³ бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттен тәуелділігін халықтан жасырады. Аздаған оппозициялық бұқаралық ақпарат құралдары зор кедергілерге тап болуда.⁵⁴ Қазақстан аймағында «Республика» газетінің және К+ теледидар станциясына вебсайтына кіруге әдетте шек қойылған.⁵⁵ Анағұрлым тәуелсіз деп саналатын жекелеген аймақтық газеттер үнемі қиындықтарға тап болуда.⁵⁶ Кәсіби білімнің және талаптардың төмен деңгейі өзекті тақырыптар бойынша хабарлар аз таратылуына және зерттеу журналистикасының сирек кездесуіне үлесін қосады.

⁵² 19 наурызда ОСК-на БАҚ-на қатысты мәселелер бойынша кеңес беретін ОСК тағайындаған БАҚ-на қатысты дау-дамайлар бойынша Қоғамдық Кеңес «Украински новини» газетінің барлық төрт кандидаттың манифесттерін жариялауын заңбұзушылық деп санады, бұған негіз ретінде әрбір БАҚ ұйымы осындай мақалалар үшін кім ақы төлегенін көрсетуі тиіс екенін және сәйкес кандидаттың жазбаша рұхсатын алуға міндетті екенін келтірді. Бас редактор жұртшылықты хабардар ету журналисттердің міндеті екенін және кандидаттардың ешқайсысына ерекше артықшылық жасалмағандығын мәлімдеді. Бұл іс Бас прокуратураға қайта қарауға жіберілді. Бас Прокурордың бұл іс-әрекеттің заңсыз деп тапқан шешімі негізінде 28 наурызда Астана қалалық прокуратурасы осы газетке ресми түрде ескерту жасады.

⁵³ 2009 жылы Ақпарат және Байланыс Министрлігі бірнеше мемлекеттік тендерлерден кейін жалпы мөлшері 10.4 миллион Еуроно құрайтын субсидия берді Министрліктер және жергілікті мемлекеттік органдар қоғамдық ақпарат саясатына қаражаттың айтарлықтай мөлшерін бөледі. Мына сайтты қараңыз:<http://www.mediaalliance.kz/download/135/AnaliticheskiyObzorMezhdunarodnogoTsentraZhurnalistikiMedianetgoszakazVSmiKazakhstanPol'zalliVred.pdf>

⁵⁴ 2009 жылдан бері Алматы қаласындағы баспаханалар «Республика» негізгі оппозициялық газетін басудан бас тартқандықтан, газеттің скрепкалармен біріктірілген ксерокөшірмелерін таратуға мәжбүр болған. Газетті басуға келіскен жалғыз баспаханаға 2009 жылы жарияланбаған салық инспекциясы жасалған және «Республика» газетінің көшірмелерін қаржы полициясы және Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті алған.

⁵⁵ ОСК-ның Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдемеге жауабы бойынша, «Республика» газетінің вебсайтына жұртшылыққа ашық болып табылатын танымал қоғамдық желілердегі және блог-платформалардағы көптеген сайттардың «айналары» арқылы оңай және еркін кіруге болады».

⁵⁶ 2010 жылы сәуірде «Уральская Неделя» газетіне тағылған жала жабу айыбы бойынша газетінің есепшоттары тұтқындалған және оның мүліктері 20 миллион тенге (шамамен 100 000 Еуро) мөлшеріндегі зиянды азаматтық тәртіппен өндіру ретінде тәркіленген. Халықаралық ұйымдар осы істі көтергеннен кейін, талапкер, «Тенгизнефтьстрой» мұнай компаниясы, газетке салынған айыппұлдан бас тартты. 3 наурызда осы газетке басқа іс бойынша азаматтық тәртіппен өндіру ретінде 20 миллион тенге мөлшерінде айыппұл салынған. Қазіргі уақытта осы сот шешіміне қарсы жазылған апелляция қаралуда.

Сайлауалды үгіт шараларының Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жүргізілуін және таратылуын бағалау үшін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ қазақ және орыс тілдерінде шығатын таңдалып алынған алты теледидар⁵⁷ станциясына және алты газетке,⁵⁸ бүкіл сайлауалды үгіт кезеңінде мониторинг жүргізді. Хабарлардың таратылуына сандық және сапалық талдау жасау әрбір кандидатқа арналған уақыт және орын мөлшерін және таратылған хабарлардың сарынын бағалау үшін қолданылды. Бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жасау бөлімі күн сайын алты сағат бойы таңдалып алынған теледидар станцияларының әрқайсысының кешкі уақытта хабарлар таратуына және баспасөз құралдарының құрамына мониторинг жасады.

ОСК Сайлау туралы заңның Бұқаралық ақпарат құралдарында сайлауалды үгіт шараларын хабарлау туралы ережелеріне берген түсіндірмесі жазбаша түрде қол жетімді болмады,⁵⁹ бұл ашықтықты азайтты және белгісіздікке жол берді. Осының салдарынан сайлаушыларға көптеген әртүрлі көзқарастарды ұсына алатын сайлауға қатысты аналитикалық бағдарламалар, соның ішінде сұхбаттар және пікірталастар болмады дерлік. Сонымен қатар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ-лары және кейбір журналисттер жергілікті билік органдарының және партия өкілдерінің аймақтық Бұқаралық ақпарат құралдарының⁶⁰ жұмысына араласуы туралы және сайлауға байкот жариялау бастамасы жөнінде хабарламауын талап еткендері туралы баяндады.⁶¹ БАҚ-на мониторинг жүргізу нәтижелері сайлауға байкот жариялау бастамасы жөнінде Бұқаралық ақпарат құралдарының елдің барлық аймақтарында хабарламағанын көрсетеді. Осылайша билік органдарының тікелей араласуы және өз қызметіне өздерінің цензура жасауы журналисттерге елдегі маңызды оқиғалар және тақырыптар туралы хабарлар таратуына кедергі болды. Осының салдарынан сайлаушылар объективті хабарлар алу мүмкіндігінен айрылды және олардың толық хабардар болып таңдау жасау мүмкіндіктері шектелді.

Өз міндеттеріне сәйкес, хабар тарату құралдары кандидаттар туралы жаңалық хабарларында негізінен тең түрде хабарлар таратты. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ БАҚ-на мониторинг жүргізу нәтижелері мемлекеттік теледидарлық хабарлар тарату компаниялары «Қазақстан ТВ» және «Хабар» хабарлардың 19 және 13 пайызын, сәйкесінше, Президент Н. Назарбаевқа, ал Ахметбеков мырзаға 29 және 26 пайызын, Қасымов мырзаға 25 және 28 пайызын және Елеусізов мырзаға 27 және 33 пайызын арнағанын анықтады. «7 арна», «31 арна» және КТК қызметтегі Президентке азырақ хабарлар арнады (16, 14 және 3 пайыз, сәйкесінше), ал «Астана ТВ» өзінің кандидаттар туралы жаңалық хабарларының 39 пайызын Н.Назарбаев мырзаға арнады.⁶²

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ мониторинг жасалған хабар таратушы компаниялардың жаңалық бағдардамаларынан тыс, қызметтегі Президентке жалпы саны 2 сағаттан көп тек оң сарынды

⁵⁷ «Қазақстан ТВ», «Хабар», «31 Арна», «7 Арна», «КТК» және «Астана ТВ».

⁵⁸ «Время», «Казахстанская правда», «Панорама», «Свобода слова», «Жас Алаш» және «Республика».

⁵⁹ 10 наурызда, сайлауалды үгіт басталған кейін жеті күн өткен соң, Ақпарат және Коммуникация Министрлігіндегі семинарда сайлауалды үгіт шараларын хабарлау бойынша заң ережелеріне ОСК түсіндірмесі ұсынылды.

⁶⁰ Баяндалған мәліметтер бойынша, сайлауалды үгіт басталар алдында Ақтөбе қалалық әкімдігі БАҚ өкілдерін жиналысқа қатысуға бірнеше рет шақырған, жиналыста Әкім БАҚ-ның Ақтөбе қаласының жетістіктеріне және жағымсыз мәселелерден гөрі жағымды мәселелерге көбірек көңіл бөлгенін қалайтын ниетін білдірген. Осыған қоса, бір журналист «Нұр Отан» партиясының хатшысының оның Президенттің Ақтөбеге жоспарланған сапары туралы қалай хабарлайтынын сұрап, телефон соққаны туралы баяндады.

⁶¹ Сонымен бірге, сәйкес БАҚ ұйымдарынан байкот бастамасы туралы хабарлар таратылмауының себебін сұрағанда, журналисттер бұл өз қызметіне өзі цензура жасауға байланысты екенін мәлімдеген.

⁶² Осы сандар тек кандидаттардың сайлауалды үгіт шараларын таратуға қатысты және оларға кандидаттардың институционалдық міндеттерін хабарлау кірмейді.

қосымша хабарлар оған Президент ретінде арналғанын, атап айтқанда оның ел аймақтарына ресми сапарлары туралы хабарлар берілгенін байқады. ОСК-ның кандидаттар туралы олардың институционалдық рөлінде берілген хабарлар сайлауалды үгіт хабарлары деп саналмауы тиіс және ақысы төленбеуі тиіс деген түсіндірмесі қиындықтар туғызды, өйткені бұл түсіндірме қызметтегі Президенттің артықшылығын әділетсіз түрде күшейтеді. Осыған қоса, мониторинг нәтижелері жалпы уақыты төрт сағаттан аса Қазақстанның тәуелсіздігінің 20 жылында жеткен жетістіктерін кеңінен тарататын және 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламаны паш ететін жарнамалардың іс жүзінде қызметтегі Президентті қолдайтын хабарлар екенін көрсетеді.

Мониторинг жүргізілген ОСК нұсқаулығы бойынша бейтарап және теңдестірілген хабарлар беуге міндетті болған баспасөз құралдары басқаша әрекет етті. Мониторинг нәтижелері кейбір кандидаттардың сайлауалды үгіт шаралары кейбір газеттерде жарияланбағанын көрсетеді. «Время» кандидаттардың сайлауалды үгіт шараларын жариялаудан толығымен қалыс қалды. «Казахстанская правда», «Панорама» және «Жас Алаш» сайлауалды үгіт туралы жарияланымдарының едәуір көп бөлігін Назарбаев мырзаға (51, 58 және 48 пайызын, сәйкесінше) арнады, «Республика» және «Свобода слова» қызметтегі Президенттің сайлауалды үгіт шараларын мүлдем жариялаған жоқ. Соңғы екі газет сайлауалды үгіт жарияланымдарының жартысынан көбін Ахметбеков мырзаға (62 және 75 пайызын, сәйкесінше) арнады, ал Елеусізов мырзаға 38 және 12 пайызын арнады, сәйкесінше. «Республика» Қасымов мырзаның сайлауалды үгіт шараларын мүлдем жариялаған жоқ, ал «Свобода слова» оған сайлауалды үгіт жарияланымдарының 13 пайызын арнады.

Х. ӘЙЕЛДЕРДІҢ САЙЛАУҒА ҚАТЫСУЫ

Конституция және Сайлау туралы заң әйелдер мен ерлердің сайлау процесіне тең түрде қатысуына негіз береді. Әйелдер саяси өмірге белсенді түрде араласады, алайда басқарушы лауазымға ие әйелдер аз. Сайлаудан кейін тағайындалған Үкіметті құрайтын 22 министрлер кабинеті мүшелерінің ішінде тек үшеуі әйел және жергілікті деңгейдегі әкімдер арасында әйелдер жоқ. Парламентте Мәжілістің 107 мүшесінің ішінде 17-сі және Сенаттың 47 мүшелерінің 2-і әйелдер. Әйел партия көшбасшылары жоқ, бірақ партиялардың аймақтық филиалдарында, атап айтқанда оппозиция қатарында әйелдер көп. Дегенмен, көп жағдайларда ерлер мен әйелдер арасында гендерлік мәселелер туралы хабардарлықтың аздығынан, сонымен бірге әйелдерді билік лауазымдарына көтеруге бағытталған мемлекет тарапынан жасалатын іс-әрекеттердің жеткіліксіздігінен әйелдердің саясатқа және қоғамдық әкімшілікке қатысуына кедергілер сақталуда.⁶³ Мысалы Қазақстан Гендерлік теңдік туралы заңды әлі қабылдаған жоқ. 2011 жылдың наурызында Президент Назарбаев 2016 жылға дейін мемлекеттік органдарда әйелдерді шешім қабылдау деңгейіне көтеру бойынша іс-әрекеттер жоспарын әзірлеуді тапсырды.

Әйелдер сайлау комиссияларына көп қатысты: ОСК 7 мүшесінің 2-і, 16 ТСК төрағаларының 3-і (және барлық ТСК мүшелерінің 30,4 пайызы) және 207 АСК-ның 44-і (барлық АСК мүшелерінің 44,5 пайызы) әйелдер болды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ҰМБ ұлттық азшылықтардың әйел өкілдері АСК және ТСК-да қазақ әйелдерден гөрі және ұлттық азшылықтардың ер өкілдерінен гөрі анағұрлым азырақ болғанын баяндады. УСК мүшелерінің көп бөлігін әйелдер құрады. Халықаралық байқаушылар сайлау күні байқау жүргізілген сайлау

⁶³ Әйелдерге қарсы дискриминацияны жою жөніндегі комитеттің қорытынды түсініктемелерінің, 2007 жылғы 15 қаңтар-2 ақпан аралығындағы Отыз жетінші отырысындағы қорытындыларының 13, 21, 22 - тармақтарына мына сайттан қараңыз: <http://daccess-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N07/243/62/PDF/N0724362.pdf?OpenElement>.

учаскелеріндегі әйелдердің УСК мүшелерінің 73 пайызын құрағанын және осы УСК-ның 44 пайызына әйелдер төрағалық еткенін баяндады. 22 бастапқы үміткердің ішінде 4-і әйелдер болғанмен, осы сайлауға ешқандай әйел кандидат қатысқан жоқ. Сайлауалды үгіт барысында әйелдер мәселелеріне алға қойылды, мұның ішінара себебі сайлауалды үгіт кезінде Халықаралық әйелдер күні тойлануы болды.

XI. ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ САЙЛАУҒА ҚАТЫСУЫ

Қазақстан шамамен 100 ұлт өкілдерінен құралған көп ұлтты ел.⁶⁴ Конституцияға сәйкес орыс тілін қазақ тілімен тең дәрежеде мемлекеттік ұйымдардағы және жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы қарым-қатынаста ресми тіл ретінде қолдануға болады, алайда осы құқықтық ереже елдің облыстарына қарай әртүрлі дәрежеде сақталады.⁶⁵ Ұлттық азшылық өкілдері топтық талаптар қоюдан тартынады, бірақ қызмет ететін саяси партиялар арқылы саясатқа қатысуға мүмкіндіктері бар.

Ұлтаралық қарым-қатынастар тұрақты және ұлттық азшылық өкілдері мәселелері сайлауалды үгіт кезінде жақсы жағынан сипатталды және мемлекеттің бірлігін мақсат ететінін көрсетеді. Мемлекет саясаты көп ұлтты қоғам мүдделеріне адалдықты көрсетеді, бұл 2010 жылы Ұлттық бірлік доктринасының қабылдануымен нығайтылған. Ұлтаралық қатынастар негізінен бейбіт болып табылады, бірақ, әсіресе мәдени құқықтар және әкімшіліктің жоғарғы эшелондарына, қауіпсіздік және құқық қорғау органдарының қызметіне қатысуы бойынша өткір мәселе болып қалып отыр.

Сайлау және сайлауалды үгіт материалдары қазақ және орыс тілдерінде қамтамасыз етілді. Ұлттық азшылық өкілдері сайлау комиссияларына көп қатысты, алайда жоғары деңгейдегі сайлау комиссияларындағы басшы лауазымдарында аз болды.⁶⁶ ОСК берген мәлімет бойынша барлық сайлау комиссиялары мүшелерінің 73.1 пайызы қазақтар, ал 16.7 пайызы орыс ұлты өкілдері, 1 пайызы өзбек ұлты өкілдері және 0.7 пайызы ұйғырлар болды.⁶⁷ Ұлттық азшылық өкілдерінің жеткіліксіз қатысуы Оңтүстік Қазақстан облысында байқалды, бұл облыста 112 ТСК және АСК мүшелерінің 5-і ұлттық азшылық өкілдері болды (3 орыс және 2 өзбек) және Сайрам АСК-нда ешқандай өзбек мүшелер болмаған, ал бұл ауданда өзбектер тұрғындардың 65 пайыздық көпшілігін құрайды.⁶⁸

⁶⁴ 2009 жылғы Халық санағы бойынша халықтың 63.1 пайызының ұлты қазақ. Ең қомақты ұлттық азшылықты құрайтын орыстар халықтың 23.7 пайызын құрайды. Саны жағынан екінші ұлттық азшылық Оңтүстік Қазақстанда шоғырланған өзбектер (2.9 пайыз) болып табылады. Басқа топтарға украиндер (2.1 пайыз), ұйғырлар (1.4 пайыз), татарлар (1.3 пайыз), немістер (1.1 пайыз) жатады. Мына сайтты қараңыз: http://www.eng.stat.kz/perepis_nasl/Pages/n1_12_11_10.aspx.

⁶⁵ Астана және Алматыда қазақ және орыс тілдері халық өмірінде кеңінен қолданылады, ал бірнеше басқа облыстарда жағдай басқаша.

⁶⁶ Әртүрлі ұлттар тұратын Батыс Қазақстанда (72 пайызы – қазақтар, 22 пайызы – орыстар) 14 сайлау комиссиясының (1 ТСК және 13 АСК) 98 мүшесінің ішінде 90-ы қазақтар, 7-і орыстар және 1-і татар. Барлық төрағалар мен хатшылар қазақтар және үш төраға орынбасары – орыстар. Маңғыстау облысының 88 пайызы қазақтардан, 8 пайызы орыстардан және 3.5 пайызы «басқа ұлттық топтардан» тұратын тұрғындар статистикасымен салыстарғанда облыстағы АСК мүшелерінің 100 пайызы және ТСК мүшелерінің 93 пайызы – қазақтар.

⁶⁷ ҰМБ баяндаған мәліметтер бойынша, ТСК және АСК құрамында төрағалардың 72.9 пайызы қазақтар, 19.1 пайызы орыстар және 8 пайызы «басқалар» болған.

⁶⁸ Оңтүстік Қазақстан облысының ұлттық құрамы мынадай: 72.3 пайызы – қазақтар, 16.2 пайызы – өзбектер, 5.5 пайызы – орыстар, http://www.stat.kz/p_perepis/Documents.

ХІІ. ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫЛАР

Сайлау туралы заңда халықаралық байқау, сонымен бірге саяси партиялардан және басқа қоғамдық бірлестіктерден және кандидат ұсынған, байқаушылармен бірдей құқықтарға ие болатын сенімді тұлғалардан құралған жергілікті байқау көзделген. Жергілікті байқаушылар ресми аккредитация алуға тиіс емес, бірақ байқау жүргізілген учаскелердегі сайлау комиссияларына ұсынушы ұйымның ресми хатын және өз жеке басын куәландыратын құжаттарын көрсетуі тиіс. Кандидат ұсынған сенімді тұлғалардан олардың анағұрлым ресми түрдегі аккредитация рәсімінен өтуі талап етілді.

Осы сайлаудағы кандидаттардың сенімді тұлғаларының басым көпшілігі Назарбаев мырзаның атынан болды,⁶⁹ ал сонымен бірге партиялар ұсынған байқаушылардың басым көпшілігі «Нұр Отан» партиясынан болды. Қоғамдық бірлестіктер ішінен тек Жас мамандар қоғамы және «Кезектен тыс президенттік сайлауды бақылау бойынша Республикалық қоғамдық комиссия» кең ауқымды байқау жүргізді. Кейбір жергілікті байқаушылар топтары бүкіл сайлау процесіне емес, сайлаушылардың келуіне байқау жүргізуге көңіл бөлді. Жалпы саны 1,059 халықаралық байқаушыларды ОСК аккредиттеді, соның ішінде 357-і ЕҚЫҰ/ДИАҚБ –нан, 80-і ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясынан, ал 426-ы ТМД-нан болды.

Халықаралық байқаушыларға алдын ала сайлауды байқау тәжірибесі болуына қойылатын талап 2009 жылы Сайлау туралы заңнан ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдыңғы кеңестеріне сәйкес алынып тасталды. Заң әлі де жергілікті байқаушылардың ескертулерді «құжатталған, шынайы және дәлелдеуге болатын айғақтар» негізінде жасауын талап етеді, бұл байқауды және баяндауды шектеуі немесе оларға кедергі жасауы мүмкін.

ХІІІ. ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛАР

Шағымдар мен апелляцияларды қарау негізінен Сайлау туралы заң реттейді, заңда жауапкершіліктің жалғыз иерархиялық құрылымы белгіленбеген және талапқа сай қарауға қалай кепілдендірілетіні көрсетілмеген. Сайлау туралы заңмен қатар, сайлау дау-дамайларын шешуді әртүрлі заңдар, соның ішінде Азаматтық процессуалдық кодекс және 2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заң реттейді, Сайлау туралы заңда оларға сілтемелер жасалмаған.

Сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы шағымдарды жоғары тұрған сайлау комиссиясына және/немесе сотқа 10 күн ішінде жазуға болады. Сайлау туралы заңды бұзылуын баяндайтын басқа шағымдарды сайлау комиссияларына, соттарға және/немесе прокуратураларға жазуға болады, алайда жергілікті әкімшілікке және мемлекеттік органдарға және мемлекеттік қызметкерлерге қарсы сайлауға қатысты шағымдар сотқа тапсырылуы тиіс. Сайлау туралы заңда сайлау дау-дамайларын шешудің көптеген жолдары көзделгендігі және шешім қабылдаушы әртүрлі органдардың юрисдикцияларының және құқық қорғау өкілеттіктерінің анық шектерін белгілеудің болмауы халықаралық табысты тәжірибеге сәйкес емес.⁷⁰

⁶⁹ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на ОСК елде 28 наурызға дейін 31 916 сенімді тұлғалар тіркелгенін хабарлады, олардың 28 902-і Назарбаев мырзаның атынан тіркелді.

⁷⁰ Венеция Комиссиясының Сайлау мәселелеріндегі Табысты Тәжірибелер Кодексінің 11 беттегі 3.3(с)-тармағында: «Юрисдикция (оң немесе теріс) қайшылығын болдырмау үшін, апелляция жазу рәсімі, атап айтқанда, әртүрлі органдардың өкілеттіктері және міндеттері заңмен тікелей реттелуі тиіс. Апелляция берушінің де, мемлекеттік органдардың да апелляция органын таңдау мүмкіндігі болмауы тиіс» екені көзделген. Мына сайтты қараңыз: [http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD\(2002\)023-e.pdf](http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD(2002)023-e.pdf).

2009 жылғы Азаматтық процессуалдық кодекске түзетулер сайлау дау-дамайларын қараудағы сот юрисдикциясының деңгейін едәуір өзгертіп, төменгі деңгейдегі (аудандық/қалалық) соттарға барлық азаматтық сайлау дау-дамайлары бойынша бірінші инстанция өкілеттігін берді, бұған сайлауға қатысты істердің екі түрі жатпайды (кандидаттарды тіркеу немесе тіркеуден шығару жөнінде ОСК шешімдеріне қарсы шағымдар және ОСК-ның сайланған президентті жария етуден бас тартуына немесе жария етпеуіне қарсы шағымдар), олар тікелей Жоғарғы сотқа бағытталады және апелляция құқығы берілмеген. Сонымен бірге сайлау комиссияларының, мемлекеттік қызметкерлерінің және мемлекеттік билік өкілдерінің сайлауға қатысты қызметтеріне қарсылық білдіретін істер бойынша аудандық/қалалық соттардың шешімдеріне апелляция жазу құқығы берілмеген.⁷¹ Жоғары сотқа ең кемінде бір рет апелляция жазу құқығын бермеу нәтижелі құқық қорғау қағидасына қайшы келеді.⁷²

Сайлауға қатысушы мүдделі тұлғаларда сайлау дау-дамайларын шешу процесін анық түсінуі болмады, бұны шағым берушілердің тиісті емес сотқа⁷³ шағым жазуы немесе шағымдарды ОСК-на⁷⁴ және прокуратураларға.⁷⁵ қателесіп жазуы оқиғалары көрсетті. Осыған қоса, сайлау комиссиялары және соттар сайлау дау-дамайларын шешу процесіндегі сайлауға қатысты мерзімдерді, юрисдикцияларды және құқық қорғау өкілеттерін түсінуі әрдайым бірізді және байланыстырылған болмады. Негізінен шағым берушілердің жақсы негізделген шағымдар құрастыруға қажетті дағдылары болмағаны анық көрінді. Сонымен бірге сайлау комиссияларына, соттарға және прокуратураларға бірдей шағымдар жазылған оқиғалар орын алды.

Жалпы алғанда, сайлау дау-дамайларын қарауда ашықтық, бірізділік, талапқа сай қарау және жақсы негізделген шешім қабылдау болмады, осылайша нәтижелі құқықтық көмектің мүмкіндігін азайтты және сайлау комиссияларының, соттардың және прокуратура қызметкерлерінің бейтараптығына күмән туғызды. көптеген оппозиция партиялары және бірқатар үкіметтік емес ұйымдар осы мемлекеттік органдардың сайлауға қатысты шағымдарды қарау кезінде бейтарап және нәтижелі түрде іс-әрекет ететініне сенімнің жоқтығын білдірді.

ОСК 14 шағым қабылдады,⁷⁶ олардың ешқайсысын, заң талабына сәйкес дауыс беру арқылы алқалы отырысында шешкен жоқ.⁷⁷ Шағымдардың көпшілігін қабылдаудан бас тартты.

⁷¹ Азаматтық процессуалдық кодекстің 272- бабын және 274-бабын қараңыз.

⁷² Венеция Комиссиясының Сайлау мәселелеріндегі Табысты Тәжірибелер Кодексінің 11- бетіндегі 3.3(а)-тармағында: «Сайлау мәселелері бойынша апелляция органы сайлау комиссиясы немесе сот болуы тиіс... Кез келген жағдайда, сотқа соңғы апелляция жазу мүмкіндігі болуы тиіс» екені көзделген. Мына сайтты қараңыз: [http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD\(2002\)023-e.pdf](http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD(2002)023-e.pdf).

⁷³ Мысалы, шағымдар соттардың тиісті емес деңгейіне жазылған мысалы аудандық соттың орнына Жоғарғы сотқа жазылған немесе соттың тиісті емес түріне жазылған, мысалы азаматтық соттың орнына әкімшілік сотқа немесе жалпы аудандық соттың орнына аудандық экономикалық сотқа жазылған.

⁷⁴ Жергілікті әкімшілік өкілдеріне және мемлекеттік органдарға қарсы бірқатар сайлауға қатысты шағымдар, Сайлау туралы заңның 49-бабының талабына сәйкес соттарға емес, ОСК-на жазылған.

⁷⁵ Бас прокуратура сайлау комиссияларының іс-әрекеттеріне және шешімдеріне қарсы бірқатар шағымдардың прокуратураларға жазылғанын мәлімдеді. Алайда Сайлау туралы заңның 20.9-бабында осындай шағымдарды тек жоғары тұрған сайлау комиссияларына немесе сотқа жазуға болатыны көзделген.

⁷⁶ Басқалармен қатар, УСК-ларының құрылуындағы заңбұзушылықтарға, сайлауалды үгітке қатысты заңбұзушылықтарға, жергілікті билік өкілдерінің сайлауалды үгіт шараларына кедергі жасауына, жергілікті билік органдарының сайлау комиссияларының жұмысына араласуына және УСК-ларына партия өкілдерін тіркеу құқығының бұзылуына қатысты шағымдар.

⁷⁷ Сайлау туралы заңның 12.5, 20.1, 20.5, және 49 –тармақтарын қараңыз. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на ОСК оның шағымдарды алқалы орган ретінде қарауды заңды міндет деп санамайтынын және, шағымдар

шағымдарды қарау тәртібі ОСК төрағасы орынбасары өзі қарағандай болып көрінгенмен, ашық болған жоқ, оларды жауаптарға ОСК Хатшысы қол қойған.⁷⁸ ОСК шағым берушілердің қараушы қызметкер(лер)ге дәлелдер келтіруіне мүмкіндік берген жоқ және көп жағдайда өз жауаптарында сотқа апелляция жазу құқығын түсіндірген жоқ, бұл заңға қайшы болып табылады.⁷⁹ Шағымдар бойынша істі толық емес тексеру оқиғалары орын алды және жауаптарда көп жағдайда жан-жақтылық және негізі бар іс жүзіндегі құқықтық негіздеу жетіспеді.⁸⁰ Сайлау туралы заң барлық ОСК шешімдерінің электронды түрде жалпы халыққа бірдей жария етілуін талап етеді,⁸¹ алайда шағымдар бойынша ресми шешімдер қабылданбағандықтан, жауаптар жарияланған жоқ. ОСК сайлау жөніндегі шағымдарды «жеке іс» деп санайды, сондықтан шағымдар мен жауаптардың көшірмелері ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на немесе халыққа берілген жоқ,⁸² бұл шағымдарды қарау процесінің ашықтығын шектеді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на аудандық /қалалық және облыстық соттарға жазылған 21 сайлауға қатысты шағымдар мен апелляциялар туралы және Жоғары сотқа жазылған 5 шағым туралы белгілі болды.⁸³ Істердің көпшілігін қарауға келісім берілмеді, ал қалғандары қабылданған жоқ. Төменгі және жоғары деңгейлі соттардың орынсыз негіздермен істерді қараудан бас тартқан көптеген оқиғалары, соның ішінде дұрыс емес мерзімдерді қолдану және шағым берушінің құқықтық көмек беруден бас тартатын юрисдикция ережелерін дұрыс емес қолдану, келтіруі орын алды, бұл жергілікті заңнаманы және халықаралық стандарттарды бұзу болып табылады.⁸⁴ Сонымен бірге соттардың апелляция жазу құқығын беруден ретсіз бас тартуы немесе олардың шешімдеріне қарсы апелляцияларды қабылдамауына себеп болған заңды негіздерін келтірмеуі оқиғалары орын алды.⁸⁵

оларды әдеттегі жұмысынан «алаңдататынын» ескере отырып, осылай ету орынды болады деп санамайтынын мәлімдеді.

78 Барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының шағымдарды қарауына арналған стандартты жұмыс істеу рәсімі жоқ.

79 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңның 10 және 14-бабын қараңыз.

80 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на сонымен бірге ТСК-на жазылған 20 шағым бойынша алқалы түрде қаралмаған, жартылай тексерілген және негізделмеген шешімдер қабылданған оқиғалары белгілі болды.

81 Сайлау туралы заңның 20.6-бабын қараңыз.

82 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на ОСК шағымдармен және оларға берілген жауаптармен ОСК ғимаратында танысуға рұхсат берді.

83 Шағымдарды тіркелмеген кандидаттар, оппозициялық партиялар және Үкіметтік емес ұйымдар жазған және олар, басқалармен қатар, кандидатты тіркеуден бас тартуға, сайлау комиссияларының дұрыс емес құрылуына, сайлау комиссияларының құрамындағы оппозициялық партия мүшелеріне кедергі келтірілуіне, сайлауалды үгітке қатысты заңбұзушылықтарға, байқаушыларға кедергі келтірілуіне және дауыс беру және дауыстарды санау кезіндегі заңбұзушылықтарға қатысты болған.

84 Екі облыстағы сегіз аудандық соттар УСК-ның құрылуы туралы «Мәслихат» шешіміне қарсы шағымдарды қараудан бас тартты, бұған қате негіз ретінде, жергілікті билік органдарына қарсы шағым жазудың Азаматтық процессуалдық кодекстің 280-бабында және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңның 12 –бабында белгіленген жарамды үш айлық міндетті емес мерзімін қолданудың орнына, сайлау комиссияларына қарсы шағым жазудың Сайлау туралы заңның 20.9 –бабында белгіленген он күндік мерзімінің өткенін мәлімдеген. Жоғарғы Сот қызметтегі Президентке қарсы шағымды қараудан бас тартты, бұның негізі ретінде соттардың сайлауалды үгіт кезіндегі заңбұзушылықтар айыптары бойынша және кандидатты тіркеуден шығаруын талап еткен шағымдарды және ОСК шешімдеріне қарсы апелляцияларды қарау өкілеттігі жоқ екенін мәлімдеп, осындай шағымдарды, Сайлау туралы заңның 20.9 және 49-баптары бойынша белгіленген сот юрисдикциясына қарамастан, қабылдамады. Жоғарғы Сот тағы бір ұқсас шағымды қараудан бас тартуына тағы қате негіз келтірді: сайлауалды үгіт кезінде заңбұзушылыққа жол берді деп айыпталған кандидаттарды тіркеу күнінен бастап 10 күннен аса уақыт өткенін мәлімдеді. Аудандық сот АСК-ның өз мүшелерін – заң талап еткендей Мәслихат немесе жоғары тұрған сайлау комиссияларының тағайындауынсыз – өзі тағайындау шешімі юрисдикциясыз қабылданғаны туралы шағымды қараудан бас тартты, бұның негізі ретінде шешімдерге қарсы шағымдар жазудың он күндік мерзімінің өткенін келтірді; апелляция бойынша осы шешім мақұлданған.

85 Мысалы, аудандық сот шағым жазу қателіктеріне байланысты шағымды «тоқтатып қою» туралы

Техникалық қателердің негізінде шағымдарды және апелляцияларды қараудан бас тартуы оқиғалары орын алды.⁸⁶ Сайлау дау-дамайларын шешудегі халықаралық табысты тәжірибе “формалдылықты жою, осылайша, әсіресе саяси жағынан маңызды істерде техникалық себептермен шешімдерге қол жеткізбеді болдырмау” болып табылады.⁸⁷ Соттардың шешімдерінде негізінен жан-жақтылық және негізді іс жүзіндегі және құқықтық негіздеу болмады. Көптеген сұралған сот шешімдерін ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ беруге мақұлданды және жалпы халықта сот шешімін алуға құқық жоқ,⁸⁸ бұл сот органдарының және сайлау процесінің ашықтығын шектеді.

Сайлау процесінің заңдылығын қадағалауға жауапты мемлекеттік прокурорлар,⁸⁹ көптеген сайлауға қатысты шағымдарды⁹⁰ және сайлау туралы заңға түсіндірме сұраған өтініштерді қабылдады. Сайлау комиссиялары мен соттарға қоса, прокурорлардың сайлау дау-дамайларын қараушылар ретінде іс-әрекет жасауының және сайлау туралы заңға түсініктеме беру қажеттілігі түсініктемелердің және шешімдердің қарама-қайшы болуының қаупін арттырады.⁹¹ Прокурорлардың жазбаша жауаптарынан кейбір шағымдарға талапқа сай қарау жүргізілмегені және жартылай тексеру және шешімдердің жақсы негізделмегені анық көрінді.⁹² Сонымен бірге прокуратура қарамаған, оның орнына сайлау комиссияларына жіберілген шағымдардың оқиғалары орын алды. Сайлауға қатысты әкімшілік құқықбұзушылықтарға жеке тұлғалардың жауапты болған бірнеше оқиғасы орын алды, соның ішінде тиісті куәгерлерді сотқа куәгерлік мәлімдеме жасауға прокурорлар шақырмаған екі оқиға орын алды.⁹³ Облыстық прокуратураның тұжырымы негізінде, облыстық денсаулық сақтау департаменті басшысының орынбасары барлық денсаулық сақтау мекемелерінің басшыларына қызметкерлерінің сайлауға 100 пайыздық келуін қамтамасыз етуіне бұйрық бергені үшін жұмыстан шығарылған, алайда мұндай іс-әрекет қылмыстық құқықбұзушылық болып табылғанымен, ешқандай айып тағылмаған.⁹⁴ Сайлау

шешіміне қарсы апелляция жазу құқығына келісім бермеді, бұл Азаматтық процессуалдық кодекстің 344.1-бабына қайшы келеді.

⁸⁶ Мысалы, аудандық сот оппозициялық партиядан келіп түскен шағымды қабылдаудан бас тартты, бұның ішінара негізі ретінде оның шағымдарды тапсыруға өкілетті заңды орган еместігін мәлімдеді, алайда партияның заңгері берген мәлімет бойынша, шағыммен бірге партия штабынан сенімхат тапсырылған.

⁸⁷ Венеция Комиссиясының Сайлау мәселелеріндегі табысты тәжірибе кодексінің 30 –тармағын қараңыз: [http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD\(2002\)023-e.pdf](http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD(2002)023-e.pdf).

⁸⁸ Іс жүзінде, сот шешімдерін іс бойынша тарап болып табылмайтын тұлғаларға беру құқығы тек сотта ғана бар.

⁸⁹ Конституцияның 83.1-бабы Мемлекеттік Прокуратураға «заңдардың дәл және бірыңғай орындалуын» қадағалау бойынша кең ауқымды өкілеттік береді.

⁹⁰ Бас прокуратура мәліметі бойынша, елдің барлық аймақтарындағы прокуратураларға сайлау күніне дейін 47 шағым келіп түскен, олардың көпшілігі сайлауалды үгіт кезіндегі заңбұзушылықтарға және жергілікті билік өкілдерінің сайлауалды үгіт қатысушыларына кедергі келтіруіне қатысты болған.

⁹¹ Сонымен бірге ОСК-на заңға түсіндірме беруін сұраған өтініштер түскен және оларға ОСК Сайлау туралы заңның 12.5 –бабы бойынша міндеттеріне сәйкес жауап берген.

⁹² Мысалы, ЖСДП-ның атынан жазылған УСК-ның оның байқаушысына жылжымалы дауыс беру жәшігімен бірге ілесіп жүруге келісім бермегені туралы шағымға жауап ретінде, Маңғыстау аудандық прокуроры шағымды 3 сәуірде жазбаша түрде қабылдаудан бас тартқан және байқаушылардың жылжымалы дауыс беру жәшігімен бірге ілесіп жүруге құқылы болғанмен, осы байқаушының жылжымалы дауыс беру жәшігімен бірге ілесіп жүруге келісім бермегені «анықталғанын» деп мәлімдеген.

⁹³ Сот істерінің бірі бойынша бір азаматтың Павлодардағы тіркелмеген «Алға» партиясының мүшелеріне шабуыл жасағаны үшін жауапты деп танылғаны анықталды, алайда жәбірленушінің куәгерлері сот қарауынан кейін оның қатысы жоқ екенін растады. Тағы бір әкімшілік іс бойынша, бір азаматқа қызметтегі Президенттің сайлауалды үгіт билбордына зақым келтіргені үшін және тағы бір азаматқа қызметтегі Президентке қарсы жалған үгіт материалдарын таратқаны үшін айыппұл салынған.

⁹⁴ Қылмыстық кодекстің Сайлау туралы заңның 3.3-бабы бойынша сайлауға қатыспау құқығы да кіретін сайлау құқықтарын бұзуға тыйым салатын 146-бабын қараңыз. Өздерінің комиссиядағы ресми лауазымын немесе қызмет жағдайын қолданып қылмыс жасайтын азаматтарға қатаңырақ жаза

алдындағы күні құқықбұзушылықтар туралы көптеген шағымдарға және мәлімдемелерге карамастан, Бас прокуратура ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на әрі қарай тергеу жүргізілмейтінін мәлімдеді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на сайлау күні сайлау комиссияларына, прокуратураларға және соттарға оппозиция партиялары және үкіметтік емес ұйымдар басқалармен қатар, азаматтарға дауыс беруге қысым жасалғаны, байқаушыларға кедергі жасалғаны, партия өкілдерін қорқыту-үркіту жасалғаны, дауыс беру және дауыстарды санау рәсімдерінің бұзылғандығы және жалған нәтижелер хаттамаларын дайындау туралы шамамен 100 шағымның жазғаны белгілі болды.⁹⁵ УСК-на жазылған шағымдарды қарау тәртібі ашық болған жоқ, ал саяси партиялар мен жергілікті байқаушылар кейбір шағымдардың қаралмай қалдырылғанын баяндады.⁹⁶ Сайлау күні көптеген құқық бұзушылықтар орын алғанмен,⁹⁷ Бас прокуратура ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на оппозиция байқаушыларын қорқытудың бір оқиғасынан басқа, ешқандай сайлау күніне қатысты тергеулер басталмағанын мәлімдеді.

XIV. САЙЛАУ КҮНІ

Сайлау күні негізінен тыныш өтті және сайлаушылардың 90 пайызының келуі мәлімделді. Сайлау күні халықаралық байқаушылар 161 сайлау учаскесінің ашылуы, 9,725 сайлау учаскесінің ішінен 1,622-інде дауыс беру және 151 сайлау учаскесіндегі дауыстарды санау рәсімдері туралы баяндады. Олар 123 АСК-дағы сайлау материалдарын табыстау және дауыс беру нәтижелерін анықтау рәсімдерін қадағалады.

Халықаралық байқаушылар кейбір жағдайларда университет студенттерінің, зауыт жұмысшыларының және кәсіпорындардың қызметкерлерінің сайлауға, көп жағдайда ұйымдасқан түрде топталып келгені туралы баяндады.⁹⁸ Осыған қоса, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ-на студенттерге, жұмысшыларға және қызметкерлерге қысым жасалғанын және оларға әкімдіктердің, факультет қызметкерлерінің немесе жұмыс берушілердің, атап айтқанда Алматы қаласында және Алматы, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстарында, дауыс беруге баруға нұсқау бергенін, көрсететін бірқатар құжаттар түсті.⁹⁹ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на түскен 11 УСК-ның тоғызында әскери бөлімдерде дауыс беру нәтижелері хаттамалары сайлаушылардың 100 пайызының келгенін, сол бөлімдердің 5-інде

⁹⁵ қолданылады, ең қатаң жаза бес жыл бас бостандығынан айыру болып табылады.

⁹⁶ ОСК сайлау күні және одан кейінгі күндерде ОСК-на шағым түспегенін мәлімдеді.

⁹⁷ ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на УСК-ларын жазылған шағымдар туралы ақпарат беруден бас тартты.

⁹⁷ Халықаралық байқаушылардың тікелей байқауы немесе куә болуы бойынша; сайлау күнгі дауыс беру, дауыстарды санау және санау нәтижелерін анықтау бөлімдерін қараңыз.

⁹⁸ Ұйымдастырылған дауыс беру Семей қаласында және Шығыс Қазақстан облысының Катон-Қарағай ауданында (161, 845, 1129 УСК-ларында), Қарағанды қаласында (180, 181 УСК-ларында), Петропавловск қаласында (264 УСК-нда), Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданында (РЕС 396 УСК-нда) және Алматы қаласында (57, 181 УСК-ларында) байқалған. Алматы облысында (511, 512 УСК-ларында) және Петропавловск қаласында (264 УСК-нда) 50-ден аса студентке және шамамен 30 студентке, сәйкесінше, сайлау учаскесінің алдында олардың кімге дауыс беру тиістігі жөнінде оқытушылардың нұсқау бергені байқалды.

⁹⁹ Алматы қаласында «Қайнар» Университетінің басшысының міндетін атқарушысы 2011 жылғы 24 наурызда студенттердің дауыс беруін ұйымдастыру туралы нұсқау шығарды студенттерді оқу орнынан шығару мүмкіндігімен және декандарға «сайлауға қатыспағаны» үшін «қатаң жаза» қолданатындығымен қорқытқан. Қарағанды қаласында Әкімдік 2011 жылы 25 наурызда жеке компанияларға олардың қызметкерлерінің және жанұя мүшелерінің дауыс беруін қалай ұйымдастыру жөнінде және кімнің дауыс бергендігін қадағалау жөнінде нұсқау шығарған. ҰМБ растауы бойынша, Бөрлі ауданындағы фабрика жұмысшыларына (Батыс Қазақстан облысы) фабрика басшысы олардың дауыс беретіндігін растайтын құжатқа қол қояды өтінген. Орал қаласының Денсаулық сақтау Департаменті барлық медициналық қызметкерлердің 100 пайызының сайлау күні дауыс беруге баруын ұйымдастыру жөнінде нұсқау шығарған.

дауыстардың 99 пайызының бір кандидатқа берілгенін көрсетті.¹⁰⁰

А. САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ АШЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ

Байқалған сайлау учаскелерінің көпшілігіндегі ашылу рәсімдері оң бағаланды, алайда алты сайлау учаскесінің ашылуы кеш ашылу, ашылу хаттамасын құрастырмау, немесе дауыстарды санамау, рұхсаттары жоқ тұлғалардың қатысуы, сонымен бірге дауыс беру жәшіктерінің дұрыс пломбалауы сияқты рәсімдік кемшіліктерге байланысты теріс бағаланды.¹⁰¹ Төрт сайлау учаскесінде ашылу кезінде халықаралық байқаушылардың байқау жүрігуіне шектеу жасалды.¹⁰² Сонымен бірге байқаушылар ашылу кезінде жергілікті билік өкілдерінің қызметтегі Президентті мақтап сөз сөйлеуінің, сонымен бірге сайлау учаскелерінің ішіне «Нұр Отан» партиясының плакаттарының немесе Назарбаев мырзаның портреттерінің ілінуінің бірнеше оқиғасы туралы баяндады.¹⁰³

Сайлау учаскелері дауыс беру үшін сайлау күні сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін ашылуы тиіс болды. Сайлау туралы заңның 38.1-бабы бойынша көзделген мүмкіндіктеріне сәйкес, АСК-лары 1,494 сайлау учаскелерінде немесе елдегі сайлау учаскелерінің барлығының 15 пайызында дауыс беру сағаттарын өзгертті.¹⁰⁴

Халықаралық байқаушылар байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің 90 пайызында дауыс беру рәсімін оң бағалады, алайда олардың берген бағалары 10 пайызында теріс болды, бұл сан жүйелі және маңызды күрделі мәселелердің болуын көрсетеді. Қалалық және ауылдық сайлау учаскелеріне берілген бағаларда айырмашылық болған жоқ. Алайда облыстардағы жалпы берілген бағаларда едәуір айырмашылық болды, Алматы облысында байқалған сайлау учаскелерінің 32 пайызында, Оңтүстік Қазақстан облысындағы сайлау учаскелерінің 16 пайызында және Жамбыл және Қарағанды облыстарындағы сайлау учаскелерінің 12 пайызында дауыс беру теріс бағаланды.

УСК-ның мүшелерінің дауыс беру рәсімдерін түсінуі және қолдануы байқалған сайлау учаскелерінің 97 пайызында оң немесе бейтарап бағаланғанмен, халықаралық байқаушылар 133 жағдайда дауыс беру рәсіміне қатысуға толық мүмкіндік берілген жоқ, олардың сайлау учаскелеріндегі шектелген аймақта болуы талап етілді, сол жерден олардың дауыс беру процесінің барлық аспектілерін байқауға мүмкіндігі болмады. Жекелеген жағдайларда УСК мүшелері халықаралық байқаушыларға мәлімет беруден бас тартты.

Көпшілігі қызметтегі Президенттің және «Нұр Отан» партиясының атынан байқау жүргізген партиялардың және кандидаттардың сенімді тұлғаларының байқаушылары байқалған сайлау учаскелерінің 88 пайызында қатысты. Халықаралық байқаушылар «Нұр Отан»

¹⁰⁰ Алматы (902 УСК-нда), Маңғыстау (4, 8, 51, 56, 61, 162, 163 УСК-ларында) және Жамбыл (478 УСК-нда) облыстарында және Алматы қаласында (137, 434 УСК-ларында).

¹⁰¹ Халықаралық байқаушылар Астана қаласындағы 28 және 110 УСК-ларында, Ақтөбе облысындағы 64 және 467 УСК-ларында, Қарағанды облысындағы 17 және 558 УСК-ларында, Павлодар облысындағы 145 УСК-нда және Оңтүстік Қазақстан облысындағы 94 УСК-нда дауыс беру жәшіктерінің жеткілікті түрде тығыз пломбалауының, жәшік пен оның қақпағының арасында қалғанын баяндады.

¹⁰² Ақтөбе облысындағы 167 УСК-нда, Алматы қаласындағы 60 УСК-нда, Алматы облысындағы 363 УСК-нда және Астана қаласындағы 13 УСК-нда.

¹⁰³ Мысалы, «Нұр Отан» партиясының плакаттары Қостанай облысындағы сайлау учаскелерінің кіреберістеріне ілінген, ал Назарбаев мырзаның суреттері Ақмола және Алматы облыстарының сайлау учаскелерінің кіреберістеріне ілінген. Қызметтегі Президенттің үлкен суреті Жарма ауданындағы (Шығыс Қазақстан облысы) бір сайлау учаскесінде ілінген.

¹⁰⁴ Ақтөбе облысында 224 сайлау учаскелерінде (43 пайызы), Солтүстік Қазақстан облысында 288 сайлау учаскелерінде (38 пайызы), Шығыс Қазақстан облысында 241 сайлау учаскелерінде (22 пайызы) өзгертілген сайлау сағаттары болды.

байқаушыларының немесе Назарбаев мырзаның сенімді тұлғаларының УСК-на нұсқаулар беруінің және дауыс берушілерге бұйрықтар беруінің бірнеше оқиғаларын байқады.¹⁰⁵ Керісінше, қоғамдық бірлестіктер байқаушылары байқалған сайлау учаскелерінің 47 пайызында анықталды. Жергілікті байқаушылар өз қызметтерінде көптеген кедергілерге тап болды.¹⁰⁶ Ең жиі кездескен жағдайларға жергілікті байқаушыларды тіркеуден бас тарту және олардың сайлау учаскелерінің ішінде еркін жүруіне кедергі жасап, сайлау учаскелерінде сайлау рәсімдерін жақыннан байқауға мүмкіндік бермеуі жатады. Рұхсаттары жоқ тұлғалар байқалған 152 сайлау учаскелерінде анықталды және 16 жағдайда олардың сайлау учаскелерінің қызметіне араласуы немесе оларға жетекшілік етуі байқалды.¹⁰⁷

Халықаралық байқаушылар бірқатар маңызды ережебұзушылықтар, соның ішінде сайлаушылар тізіміндегі бірдей болып көрінген қолдар (241 оқиға),¹⁰⁸ дауыс беру жәшігіне бюллетеньдердің заңсыз салынуының айқын белгілері (42 оқиға),¹⁰⁹ сенімді тұлғалардың дауыс беруі оқиғалары (78 оқиға, көп жағдайда жанұясының басқа мүшелері үшін бір жанұя мүшесінің дауыс бергені кездескен).¹¹⁰ туралы баяндады. Топтық (жанұялық) дауыс беру 135 оқиғада байқалды.¹¹¹ Көп мәрте дауыс беру бірнеше облыстарда 46 сайлау учаскесінде байқалды.¹¹²

¹⁰⁵ Мысалы Сарыағаш ауданында (Оңтүстік Қазақстан облысы) УСК төрағасы байқаушыға хаттама көшірмесін берер алдында «Нұр Отан» байқаушысынан кеңес сұраған.

¹⁰⁶ Жергілікті байқаушылар жұмысына кедергі келтірілгені туралы көптеген сілтемелер «ЗаКон» Республикалық Қоғамдық Комитетінің берген сайлауды байқау есебінде (http://www.algadvk.kz/files/otchet_final.doc) және Қазақстан Халықаралық адам құқықтар және құқықтық нормалар жөніндегі бюросы есебінде (<http://www.bureau.kz/news/download/176.pdf>), сонымен бірге ЖСДП-Азат партияларының Сайлауды байқау бойынша бастапқы есебінде бар. Жергілікті байқаушылар жұмысына кедергі келтіру оқиғалары туралы халықаралық байқаушылар да баяндады.

¹⁰⁷ Мысалы Алматы облысында (57, 161 УСК-ларында), Шығыс Қазақстан облысында (138, 648 УСК-ларында), Павлодар облысында (470 УСК-нда), Оңтүстік Қазақстан облысында (94, 99, 347, 675, 940 УСК-ларында), Атырау облысында (16 УСК-нда) және Ақтөбе облысында (227, 304 УСК-ларында).

¹⁰⁸ Мысалы Алматы облысында (1, 226, 363, 413, 481, 779, 832 УСК-ларында), Алматы қаласында (398, 415, 420 УСК-ларында), Шығыс Қазақстанда (73,162, 217, 442, 471 УСК-ларында), Қарағанды облысында (31, 223, 611, 614, 682 УСК-ларында), Жамбыл облысында (122, 134, 165, 280 УСК-ларында), Оңтүстік Қазақстанда (66, 172, 210, 528, 865 УСК-ларында), Қызылорда облысында (195, 294 УСК-ларында), Солтүстік Қазақстанда (403, 453, 454 УСК-ларында), Астана қаласында (181, 191 УСК-ларында), Қостанай облысында(306, 572, 750, 858 УСК-ларында), Ақтөбе облысында (178, 307, 315, 525 УСК-ларында), Батыс Қазақстанда (16, 22, 453 УСК-ларында), Атырауда (62, 71, 115 УСК-ларында) және Ақмола облысында (270, 659, 768 УСК-ларында).

¹⁰⁹ Мысалы Астана (51, 181 УСК-ларында) және Алматы қалаларында (138, 139, 405 УСК-ларында), Алматы (244, 751, 777 УСК-ларында), Павлодар (155, 473 УСК-ларында), Қарағанды (7 УСК-нда), Жамбыл (134, 150, 280 УСК-ларында), Оңтүстік Қазақстан (210, 498 УСК-ларында), Қызылорда (265, 289 УСК-ларында), Ақмола (561, 712, 717 УСК-ларында), Ақтөбе (56 УСК-нда), Батыс Қазақстан (448 УСК-нда) және Атырау (50, 62, 93 УСК-ларында) облыстарында.

¹¹⁰ Мысалы Астана (35, 50, 186 УСК-ларында) және Алматы қалаларында (343, 398 УСК-ларында), Алматы (131, 197, 732 УСК-ларында), Шығыс Қазақстан (132, 1093, 1102 УСК-ларында), Павлодар (40, 488, 510 УСК-ларында), Оңтүстік Қазақстан (210, 307, 675 УСК-ларында), Солтүстік Қазақстан (404, 453 УСК-ларында), Қостанай (185, 236 УСК-ларында), Ақтөбе (46, 64, 178 УСК-ларында) және Батыс Қазақстан (220, 366, 507 УСК-ларында) облыстарында.

¹¹¹ Астана (52, 88, 183 УСК-ларында) және Алматы қалаларында (218, 316, 419 УСК-ларында), Алматы (7, 189, 415 УСК-ларында), Шығыс Қазақстан (177, 231, 1086 УСК-ларында), Павлодар (100, 455, 580 УСК-ларында), Қарағанды (40, 560, 602 УСК-ларында), Жамбыл (127, 340, 487 УСК-ларында), Оңтүстік Қазақстан (12,307, 518 УСК-ларында), Қызылорда (127, 177, 288 УСК-ларында), Солтүстік Қазақстан (12, 274, 343 УСК-ларында), Қостанай (230, 739 УСК-ларында), Ақтөбе (34, 178, 307 УСК-ларында), Батыс Қазақстан (27, 451, 507 УСК-ларында), Атырау (39, 131, 239 УСК-ларында), and Ақмола (97, 270, 717 УСК-ларында) облыстарында.

¹¹² Мысалы Астана (9, 50, 214 УСК-ларында) және Алматы қалаларында (100, 343, 398 УСК-ларында), Шығыс Қазақстан (162, 1102 УСК-ларында), Жамбыл (14, 127, 280 УСК-ларында), Оңтүстік Қазақстан (210, 569 УСК-ларында), Ақтөбе (157, 315 УСК-ларында) және Алматы облыстарында (415, 832, 845 УСК-ларында).

Дауыс беру процесі кезінде байқалған басқа ереже бұзушылықтар қатарында дауыс беру жәшіктерінің дұрыс пломбалауы (116 оқиға)¹¹³ және дауыстың құпиялығын бұзу болды.¹¹⁴ Байқау жүргізілген 89 сайлау учаскелерінде заң талап ететін жеке құжаттардың ешқандай түрлерін көрсетпеген адамдар бәрібір дауыс беруге рұхсат берілді.¹¹⁵ 138 сайлау учаскелерінде кандидаттар туралы тиісті ресми мәліметтер болмаған.

В. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ

Халықаралық байқаушылар дауыстарды санау рәсіміне байқау жүргізілген 151 сайлау учаскелерінің 24 –індегі дауыстарды санау рәсімін нашар немесе өте нашар деп бағалады және 115 –індегі дауыстарды санау рәсімін жақсы және өте жақсы деп бағалады. Ең теріс баға алған облыстар қатарына Ақтөбе облысы, Павлодар облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Алматы қаласы және Алматы облысы жатады. Теріс баға берудің негізгі себептерінің ішінде дауыстарды санау рәсімдерін сақтамау, ашықтықтың болмауы және дауыстарды санаудың дұрыс емес ұйымдастырылуы болды.

Партиялардың және кандидаттардың сенімді тұлғалары дауыстарды санау рәсіміне байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің 125-іне қатысты, олардың 123-іне «Нұр Отан» партиясының өкілдері қатысты. Полиция, жергілікті мемлекеттік органдар қызметкерлері және басқа рұхсаттары жоқ тұлғалар дауыстарды санау рәсіміне байқау жүргізілген 22 сайлау учаскелеріне қатысты және 7 сайлау учаскесінде дауыстарды санау процесіне араласуы немесе оған жетекшілік еткені байқалды.¹¹⁶

Халықаралық байқаушылар көптеген түрлі рәсім бұзушылықтарды, соның ішінде заң талап ететін дауыс беру жәшіктерін ашар алдында сақталатын рәсімдердің сақталмағандығын байқады.¹¹⁷ Жылжымалы дауыс беру жәшіктерін ашу рәсімдері 17 сайлау учаскелерінде сақталмады.¹¹⁸ Жиырма жеті дауыс беру жәшіктерінде топталған немесе үйілген бюллетеньдердің болғаны байқалды, бұл осының алдында дауыс беру жәшіктеріне бюллетеньдердің заңсыз салынғаны орын алғанын білдіреді. Заң талабына қарамастан, дауыс

¹¹³ Ақтөбе, Ақмола, Алматы, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласы.

¹¹⁴ Берілген дауыстың құпиялығын бұзылуы туралы мәліметтер Шығыс Қазақстан (231 УСК), Қарағанды (241 УСК), Оңтүстік Қазақстан (177, 216 УСК-ларынан) және Қызылорда (127 УСК) облыстарынан келіп түскен.

¹¹⁵ Мысалы Алматы облысы (3, 57, 197, 832, 836 УСК-лары), Алматы қаласы (337, 452, 679 УСК-лары), Павлодар облысы (145, 249 УСК-лары), Қарағанды облысы (17, 225, 554, 691 УСК-лары), Жамбыл облысы (280 УСК), Оңтүстік Қазақстан (40, 66, 70, 687 УСК-лары), Астана қаласы (44, 105, 115 УСК-лары), Қостанай облысы (149, 236, 572 УСК-лары), Ақтөбе облысы (55, 178 УСК-лары), Батыс Қазақстан облысы (225, 335, 383, 507 УСК-лары) және Ақмола облысы (132, 656, 705, 710 УСК-лары).

¹¹⁶ Алматыда (484 УСК) полиция қызметкері УСК-на дауыстарды санау процесі жөнінде нұсқау берген. Ақмола облысында (664 УСК) УСК хаттамасын АСК-на УСК мүшелері емес полиция қызметкері және Әкім жеткізген.

¹¹⁷ Мысалы 19 пайызында дауыс беру жәшіктерін ашар алдында қолданылмаған бюллетеньдердің күші жойылмаған, 18 пайызында қолданылмаған және күші жойылған бюллетеньдер бөлек оралмаған және пломбалауға; 43 пайызында УСК-лары шығарылған бюллетеньдер санын сайлаушылар тізіміндегі қолдар негізінде анықтаған жоқ; 51 пайызында УСК-лары әрбір УСК мүшесі шығарған бюллетеньдер санын анықтаған жоқ; 32 пайызында УСК СДК арқылы дауыс берген сайлаушылар санын анықтаған жоқ және байқау жүргізілген дауыстарды санау рәсімдерінің 47 пайызында мәліметтер салыстырылып тексерілген жоқ.

¹¹⁸ Осыған қоса, дауыстарды санау рәсімдерінің 23 пайызында УСК-лары жылжымалы дауыс беру туралы қол қойылған өтініштердің санын анықтаған жоқ және жылжымалы дауыс беру жәшіктеріндегі бюллетеньдердің саны сайлаушылардың жылжымалы дауыс беру туралы өтініштерінің санымен салыстырылған жоқ.

беру жәшіктері тексерілгеннен кейін 112 сайлау учаскесінде сайлаушылардың тандауы дауыстап жарияланбады және байқаушылардың байқау жүргізілген санау рәсімдерінің 38-де бюллетеньдердегі белгілерді анық көруге мүмкіндігі болмады. Байқау жүргізілген 97 санау рәсімдерінің бюллетень жарамдығы күмән туғызған 50-інде олардың жарамдығы туралы шешім УСК мүшелерінің дауыс беруі арқылы қабылданған жоқ. Санау рәсіміе байқау жүргізілген 44 сайлау учаскесінде санау кезінде анықталған мәліметтерді нәтижелер хаттамаларына енгізерден бұрын олардың математикалық дәлдігі оларды салыстырылып тексерілген жоқ.

21 сайлау учаскесінде барлық байқаушылар санау рәсімдерін анық көре алмады және 19 сайлау учаскесінде халықаралық байқаушылардың санау процесіне байқау жүргізуіне шек қойылған. Байқау жүргізілген 17 санау рәсімінді УСК-ның байқаушыларға толығымен ынтымақтастық танытпағандықтан, санау процесінің жалпы ашықтығы да азайды. санау рәсіміне байқау жүргізілген 24 сайлау учаскесінде УСК-лары нәтижелер хаттамаларын толтыруда қиындықтарға тап болды. Санау рәсіміне байқау жүргізілген 35 сайлау учаскесінде нәтижелер хаттамалары көп жағдайда байқаушыларға берілмеді және жұртшылық назарына ұсынылмады, бұл жағдай ашықтықты едәуір азайтты. 11 облыстағы 22 сайлау учаскесінде,¹¹⁹ нәтижелер хаттамаларына алдын ала қол қойылған болды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барлық облыстардан халықаралық байқаушылар алған 333 УСК және 34 АСК нәтижелер хаттамаларымен танысып шықты. Көптеген УСК хаттамаларында ОСК белгіленген салыстырып тексеру формулаларының есептелуіндегі сәйкессіздіктер аздаған болды және математикалық қателерге байланысты болып көрінді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ танысқан УСК хаттамаларының 10-ында қабылданған бюллетеньдердің саны сайлаушыларға арнап шығарылған бюллетеньдер мен жарамсыз деп танылған бюллетеньдер қосындысына тең болмады; 31 УСК хаттамаларында шығарылған бюллетеньдердің жалпы саны әрбір сайлау комиссиясы мүшесі шығарған бюллетеньдердің қосындысына тең болмады; 72 хаттамада әрбір сайлау комиссиясы мүшесі шығарған бюллетендердің саны толтырылмаған немесе дұрыс толтырылмаған. 17 УСК хаттамасында бюллетеньдер алған сайлаушылар саны жарамды және жарамсыз бюллетеньдер санының қосындысына тең болмады. Кейбір хаттамалар толық толтырылмаған немесе қателері және түзетулері болды.

XV. САНАУ НӘТИЖЕЛЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ

Санау нәтижелерін анықтау процесінде елдің барлық аймақтарында ашықтық талаптары сақталмады. Бұл негізінен УСК-лардың алған егжей-тегжейлі сайлау нәтижелерін немесе аудандық, облыстық және ұлттық деңгейлердегі жиынтық кестелерін және хаттамаларын ОСК вебсайтында немесе газеттерде жарияламау жөнінде ОСК-ның ұстанымына байланысты болды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ заң сайлау комиссияларын жалпы ұлттық нәтижелерден басқа, сайлау нәтижелерін жариялауға міндеттемейтіні туралы мәлімет алды. Осындай ұстаным нәтижелердің 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.4 тармағында көзделгендей «адал саналғанын және мәлімделгенін» тексеру мүмкіндігін азайтты.

Дауыстарды санауды байқауларын аяқтағаннан кейін 123 халықаралық байқаушылар топтары сәйкес АСК-ларына сайлау материалдарын тапсыру және табыстауды байқауға барды. Олар байқау жүргізілген 27 АСК-ндағы дауыстарды санау нәтижелерін анықтауды теріс бағалады (22 пайыз). 15 АСК-нда халықаралық байқаушыларға байқау жүргізуге шек қойылды.¹²⁰ 36 АСК-ларында олар барлық тиісті рәсімдерді анық көре алмады. Халықаралық

¹¹⁹ Алматы қаласы, Алматы облысы, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Батыс Қазақстан.

¹²⁰ Мысалы Есіл АСК (Солтүстік Қазақстан облысы), Темір АСК (Ақтөбе облысы), Жылыой АСК (Атырау

байқаушылар 52 АСК-ларында, кейбір УСК-ларында нәтижелер хаттамаларының АСК ғимаратында құрастырылғанын және 31 АСК-ларында УСК-ларының хаттамаларына АСК-ның ресми шешімінсіз түзету енгізгенін баяндады. УСК хаттамаларындағы сандар байқау жүргізілген 54 АСК-ларында әрдайым дұрыс салыстырылып тексерілмеген.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ УСК хаттамаларынан алынған тиісті мәліметтері бар бес АСК жиынтық кестесін алды. Осы кестелердің төртеуінде кестедегі мәліметтер мен сайлау учаскелерінен халықаралық байқаушылар алған нәтижелер хаттамаларындағы мәліметтер арасында сәйкессіздік болды.¹²¹ ТСК-лары және ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на ТСК жиынтық кестелерінің және хаттамаларының көшірмелерін және сайлау нәтижелерін белгілеген ОСК шешімін беруден бас тартты.

Сайлауға келген сайлаушылардың ресми қорытынды саны 89.98 пайыз деп мәлімделді. Сайлаушылардың шамамен 70 пайызы келген Алматы және Астана қалалардан басқа, әртүрлі аймақтарда сайлаушылардың келуінде едәуір айырмашылықтар болған жоқ. Сайлау туралы заңның 44.5 –бабында көзделгендей, 5 сәуірде таңертең ОСК әрбір кандидатқа ұлттық және аймақтық деңгейде берілген дауыстардың қорытынды санын және пайыздық қатынастарын мәлімдеді және келесі күні осы мәліметтерді мемлекет қаржыландыратын «*Казахстанская правда*» газетіне жариялады. 6 сәуірде ОСК Назарбаев мырзаны Қазақстан Республикасының сайланған Президент ретінде тіркеді және инаугурация күнін 8 сәуірге белгіледі.

XVI. САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРУ

Сайлау туралы заңда сайлаушы, кандидат немесе саяси партия үшін сайлау нәтижелеріне қарсылық білдіру және бір немесе бірнеше сайлау учаскелеріндегі нәтижелерді жарамсыз деп тануды талап ету үшін немесе бір немесе бірнеше сайлау комиссиялары жүргізген санау нәтижелерін анықтауға қарсылық білдіру үшін нақты және тікелей белгіленген процестің жоқ екені анық байқалады.¹²² Осы кемшіліктер құқықтық ережелерде ОСК немесе соттар үшін сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тану немесе сайлайланған кандидатты лауазымға тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдаудың объективті құқықтық критерийлері көзделмегендігімен қосылады. Сонымен бірге мемлекеттік билік органдарының заңға сайлау

облысы), Целиноград және Зеренді АСК-лары (Ақмола облысы) халықаралық байқаушыларға санау нәтижелері анықталып жатқан хаттамалар туралы ешқандай ақпарат берген жоқ, ал Таранов АСК (Қостанай облысы), Индер және Жылыой АСК-лары (Атырау облысы) байқаушылардың тым алыста тұруын талап еткендіктен олардың рәсімдерді байқау мүмкіндіктері болмаған.

¹²¹ Мысалы Талас АСК (Жамбыл облысы) қорытындысы бойынша 410 УСК-нда Назарбаев мырзаға 1,592 дауыс берілген, ал УСК хаттамасы бойынша оған 1,552 дауыс берілген, АСК қорытындысындағы жарамсыз бюллетеньдер саны УСК хаттамасындағыдан гөрі 40-қа аз болды. Семей қалалық АСК қорытындысы бойынша (Шығыс Қазақстан облысы) 262 УСК-нда Ахметбеков мырзаға 4 дауыс, Елеусізов мырзаға 2 дауыс, Қасымов мырзаға 10 дауыс және Назарбаев мырзаға 1,729 дауыс берілген, ал ресми куәландырылған УСК хаттамасында 24, 32, 30 және 1,659 дауыстар, сәйкесінше, көрсетілген. Бөрлі АСК (Батыс Қазақстан облысы) қорытындысы бойынша 80 УСК-нда Ахметбеков мырзаға 6 дауыс, Елеусізов мырзаға 4 дауыс, Қасымов мырзаға 2 дауыс және Назарбаев мырзаға 1,697 дауыс берілген, 64 жарамсыз бюллетеньдер анықталған, ал ресми УСК хаттамасында 44, 22, 64 және 1,653 дауыстар, сәйкесінше, және 14 жарамсыз бюллетеньдер көрсетілген. Мартүк АСК (Ақтөбе облысы) қорытындысы бойынша 166 УСК-нда Ахметбеков мырзаға 13 дауыс, Елеусізов мырзаға 1 дауыс, Қасымов мырзаға 6 дауыс және Назарбаев мырзаға 1,512 дауыс берілген, 107 күші жойылған бюллетеньдер көрсетілген, ал халықаралық байқаушылар алған УСК хаттамасында 23, 3, 26 және 1,512 дауыстар, сәйкесінше, және 75 күші жойылған бюллетеньдер көрсетілген.

¹²² Сайлау туралы заңның 68.1-бабы (Конституцияның 72.1-бабын толықтыратын) дауыс нәтижелеріне оларды анықтағаннан кейін он күн ішінде Конституциялық Кеңесіне, Президентке, Премьер министрге, Сенат және Мәжіліс төрағаларына немесе Парламенттің барлық мүшелерінің бестен біріне қарсылық білдіруге құқық береді.

нәтижелеріне қарсылық білдіру процесіне қатысты берген түсіндірмесі қарама-қайшы болды.¹²³

Тәжірибе тұрғысынан, Президенттің Конституциялық Кеңеске сайлау нәтижелеріне қарсылық білдіру шағымын жазуға конституциялық өкілеттігі оған сайлауды жарамсыз деп тануға орынсыз мүмкіндік береді, сонымен бірге ол Кеңестің кез келген шешіміне вето қоя алады, оның күшін тек Кеңес мүшелерінің үштен екісін құрайтын басым көпшілігі жоя алады.¹²⁴ Бұл Президенттің өзі кандидат болып табылатын президенттік сайлауда ерекше қиындық туғызады, себебі бұл сайлауға қатысатын қызметтегі Президентке сайлау нәтижелеріне күмән келтіруге және вето қоюға басқа кандидаттардан гөрі күштірек өкілеттік береді.

Президенттің инаугурация рәсімі 8 сәуірде, қорытынды нәтижелер жарияланғаннан кейін тек үш күн өткен соң, сайлау комиссияларының немесе сайлау нәтижелеріне қарсы шешімдеріне қарсы шағымдарды жазуға берілетін он күндік мерзімі аяқталмай тұрып және көптеген шағымдар бойынша сот шешімі әлі күтілуі кезінде өткізілді.¹²⁵ Соттарға сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тануын өтінген екі шағым түсті. Қалалық деңгейдегі сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тануын өтінген бір шағым АСК құрамындағы ереже бұзушылыққа негізделді, қалалық сот бұл мәселе сот қадағалуына жатпайды деп есептеді; апелляциядан кейін облыстық сот қалалық соттың шешімін мақұлдады.¹²⁶ Көп мәрте дауыс беру және санау рәсімін бұзушылық негізінде УСК нәтижелерін жарамсыз деп тануын өтінген шағымды қалалық сот, ішінара, қорытынды нәтижелердің жарияланғаны және Президенттің лауазымға ресми түрде кіріскені негізінде қабылдаудан бас тартты.¹²⁷

XVII. КЕҢЕСТЕР

Келесі кеңестер Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, саяси партияларының және қоғамдық бірлестіктерінің назарына олардың демократиялық сайлау жөніндегі ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа халықаралық стандарттарға сәйкес өткізуге бағытталған шараларын әрі қарай қолдау ретінде ұсынылады. Осы кеңестерді ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бұрын ұсынған басқа кеңестермен бірге оқу керек. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ мемлекеттік органдарға сайлау процесін әрі қарай жетілдіруге көмек көрсетуге дайын тұрады.

A. БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ КЕҢЕСТЕР

ЕҚЫҰ міндеттемелерін іске асыруға және плюралистік саяси жүйе құруға және барлық кандидаттарға бірдей әділ мүмкіндік туғызылған шынайы сайлау өткізу үшін жағдай жасауға қатысты сәйкес Мөлшерлес шаралар жасалуы тиіс. Оларға мыналар жатады:

1. Сайлаудың құқықтық базасына оны ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, сайлану құқығына, жиналыс өткізу

¹²³ ОСК пікірі бойынша соңғы нәтижелеріне қарсы шағымдар аудандық соттарға жазылуы тиіс, ал Жоғарғы Сот судьясы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на Жоғарғы Соттың тиісті юрисдикция екенін мәлімдеді.

¹²⁴ Конституцияның 73.4-бабын қараңыз.

¹²⁵ Президент туралы заңның 3.2-бабында мерзімінен бұрын сайлау бойынша инаугурация дауыс беру нәтижелерін жариялағаннан кейін бір ай ішінде өткізілуі тиіс екені көзделген, бірақ инаугурацияны соңғы нәтижелерді жариялағаннан кейін он күннен аз уақыт ішінде немесе шағымдар қаралуы күтілуі кезінде өткізуге болмайтыны тікелей көзделмеген.

¹²⁶ Талапкер оппозициялық партия ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на апелляцияны қарау шамамен бес минут уақытқа созылғанын мәлімдеді.

¹²⁷ Шағым беруші Үкіметтік емес ұйым ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на қалалық соттың бастапқыда, Үкіметтік емес ұйым өкілі БАҚ өкілдерін шақырумен қорқытқанша, шағымды тіркеуден бас тартқан.

- бостандығына және сөз бостандығына қойылған шамадан тыс шектеулерді алып тастау, сонымен бірге екіұштылықтарды және олқылықтарды жою үшін түзетулер енгізу.
2. Барлық деңгейлердегі сайлау комиссияларының жан-жақты құрамына, сонымен бірге олардың бейтарап және тәуелсіз қызметіне кепілдік беру. Осы мақсатпен ОСК-ны тағайындау жолдарын қайта қарауды, барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының құрамында барлық саяси партиялардың өкілдерінің тиісті түрде болуын қамтамасыз ете отырып, бір партия мүшелерінің басқа партияның комиссия мүшелері ретінде іс-әрекет ету мүмкіндіктерін жоя отырып, саяси партияларға дауыс беру құқығы жоқ ОСК мүшелерін ұсынуға мүмкіндік бере отырып, сонымен бірге жергілікті билік өкілдерінің сайлау комиссияларының қызметіне араласуына тыйым салуды қарастырған жөн.
 3. Тіл меңгеруді ашық бағалаудың анық, минималды, объективтік және негізді критерийлерін, сонымен бірге қолдаушы азаматтардың қолдарын тапсыру мерзімін және оларды тексеру рәсімдерін және критерийлерін белгілеу үшін құқықтық базаға түзетулер енгізу арқылы кандидаттарды тіркеу процесінде ашықтықты және бірізділікті қамтамасыз ету.
 4. Әрі қарай плюралистік және көп партиялы жүйені дамыту үшін партияны тіркеуге арналған уақыт шегін белгілеуді қарастыру керек. Саяси партиялар олардың заңды қызметіне орынсыз кедергілерге тап болмауы тиіс, соның ішінде митингтер мен жиындар өткізу туралы хабарлама беру орнына алдын ала мақұлдау алу талабы қойылмауы тиіс.
 5. Жала жабу үшін салынатын айыппұлға шек қою және шектеу мерзімін көздеу үшін Азаматтық кодекске түзетулер енгізуді және жала жабуға және жәбірлеуге қатысты ережелердің күшін жою үшін Қылмыстық кодекске түзетулер енгізуді қарастыру.
 6. Бұқаралық ақпарат құралдарының сайлауалды үгіт шаралары туралы мемлекеттік органдардың орынсыз араласуынсыз хабарлау құқығын және сайлаушылардың, сонымен бірге жаңалық бағдарламаларынан тыс, әділ, бейтарап және теңестірілген хабарлар алу құқығын қамтамасыз ету үшін Сайлау туралы заңға түзетулер енгізу. Осыған қоса, мемлекеттік билік органдары тәуелсіз органға бұқаралық ақпарат құралдарының сайлауалды үгіт шаралары туралы хабарлар таратуы жөнінде қосымша нұсқаулық әзірлеу міндетін жүктеуді қарастыра алады, бұл сөз бостандығы бойынша халықаралық табысты тәжірибеге сәйкес келеді.
 7. Сайлауда бір партия мақсаттары үшін мемлекеттік билік өкілдерінің орынсыз ықпал етуі және қызметті теріс пайдалануы, сонымен бірге әкімшілік мүмкіндіктерді бұрыс қолдану бойынша істердің алдын алу және оларды қылмыстық қудалау үшін шаралар қолдану керек. Осы мақсатпен сайлау комиссияларын мемлекеттік құрылымдардан, сонымен бірге сайлау комиссиялары орналасатын ғимараттарға да қатысты анық бөлу үшін шаралар қолдануға болады. Сайлауға қатысушылардың әкімшілік мүмкіндіктерін қолданбау, сонымен бірге этикалық және кәсіби стандарттар бойынша тренингтер жөнінде міндетті Ішкі тәртіп кодексын қабылдауды қарастырған жөн.
 8. Барлық деңгейдегі атқарушы билік органдары және басқа мемлекеттік құрылымдар өздерін сайлаушыларға қысым көрсетуден тежеуі тиіс. осындай оқиғалар орын

алғанда, сот жүйесі оларды уақытылы түрде және заңға сәйкес қарауы тиіс. Заң айқын түрде құқық қорғау және қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің жеке азаматтарды олардың дауыс беру ниеті туралы сұрақтар қоюына тыйым салуы тиіс.

9. Жалғыз иерархиялық құрылымы бар, тікелей белгіленген өкілеттіктері және процессуалдық құқықтары, сонымен бірге негізгі талапқа сай қарауға, істі әділ және ашық қарау, сот рәсімдерінің ашықтығы, сотқа апелляция жазу мүмкіндігі және нәтижелі сот қорғауы сияқты кепілдіктер берілген, анық белгіленген сайлау дау-дамайларын шешу процесін көздеу үшін Сайлау туралы заңға түзетулер енгізу. ашықтықты арттыру және сілтеме бойынша ақпарат алуды жеңілдету үшін басқа заңдардағы сайлау дау-дамайларын шешуге қатысы бар әртүрлі ережелер Сайлау туралы заңға біріктірілгені жөн.
10. Барлық сайлауға қатысты шағымдарын қарайтын органдардың сайлауға қатысты шағымдарды мұқият және бейтарап түрде тексеруін және қарауын қамтамасыз ету және олардың заңды және іс жүзіндегі негізделген шешімдерін жазбаша түрде шығаруын қамтамасыз ету. Шағымдар бойынша қабылданған барлық шешімдердің уақытылы түрде жариялануы және барлық шағымдарға қатысты құжаттардың және шешімдердің көшірмелерінің өтініш жасаған аккредиттелген байқаушыларға және жұртшылыққа берілуі қарастырылған жөн.
11. УСК-ларының егжей-тегжейлі нәтижелер хаттамаларын, сонымен бірге АСК-ларының, ТСК-ларының және ОСК-ның жиынтық кестелерін және хаттамаларын тиісті түрде ОСК вебсайтына және бұқаралық ақпарат құралдарына жариялануын көздеу және барлық партиялардың және байқаушылардың дауыстарды санау нәтижелерін анықтау және жиынтықтау процесінің барлық кезеңдеріне кедергісіз толық қатыса алуына кепілдік беру үшін Сайлау туралы заңға түзетулер енгізу.

В. БАСҚА КЕҢЕСТЕР

ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

12. Заң алдындағы теңдікті қамтамасыз ететін конституциялық кепілдіктерді және саяси құқықтардың теңдігі бойынша халықаралық стандарттарды нығайту үшін алғашқы Президентке ерекше құқықтық мәртебе беретін құқықтық ережелерді, соның ішінде президенттік лауазымын саны шектелмеген мерзімдер ішінде иелену құқығын Парламент қайта қарауы тиіс.

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ

13. Сайлау турады заңның ережелерін және басқа сайлауға қатысты заңнаманы айқындау үшін ОСК-ның міндетті емес нұсқаулықтар емес, нормативтік актілер қабылдауын қамтамасыз ету. Осындай нормативтік актілерге кандидаттардың сенімді тұлғаларын және саяси партиялардың өкілдерін тіркеу жөніндегі ережелер кіруі тиіс; дауыс беру рәсімдері жөнінде ресми нұсқаулар (соның ішінде берілген дауыстың құпиялығын сақтауды қамтамасыз ететін нұсқаулар) және дауыс беру жәшіктерін пломбалау бойынша бірыңғай рәсімдер; УСК деңгейінде дауыстарды санау және бюллетеньдерді салыстырып тексеруге қатысты рәсімдер; және санау нәтижелерін анықтау рәсімдері, соның ішінде хаттамалардың математикалық дәлдігін тексеру механизмі.
14. Талапқа сай сайлау байқауын жүргізу үшін жеткілікті ашықтықты қамтамасыз ететін

жағдайлар сайлау учаскелерінде және АСК және ТСК ғимараттарында жасалуы тиіс. Байқаушыларға сайлау процесінің барлық аспектілерін олардың сайлау учаскелерінде қозғалып жүруіне орынсыз шектеулерсіз мұқият қадағалуына мүмкіндік берілуіне, куәландырылған нәтижелер хаттамаларының көшірмесін алуға өтініш білдірген жеке тұлғаларға таратылуына және жергілікті байқаушылардың «құжатталған, шынайы және дәлелдеуге болатын айғақтар» негізінде ескертулер жасауына қойылған заң талабының алынып тасталуына тікелей кепілдік беру қарастырылғаны жөн.

САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

15. Әрбір сайлаушының сайлау күнінен бұрын және сайлау күні тек бір сайлау учаскесінде тіркелуін қамтамасыз ету үшін ОСК орталықтандырылған салыстырып тексеру механизмін белгілеуді қарастырғаны жөн. Атап айтқанда арнайы сайлау учаскелерде тіркелген сайлаушылардың олардың тұрғылықты мекенжайы бойынша сайлаушылар тізімінен шығарылуын қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

САЙЛАУ ДАУ-ДАМАЙЛАРЫН ШЕШУ

16. Шағымдарды қараудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін ОСК және төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларының шағымдар бойынша алқалы түрде пленарлық отырысында шешім қабылдауы қамтамасыз етілуі тиіс. ОСК сайлау комиссияларының барлық деңгейлерінде шағымдардың ішкі қаралуына арналған жан-жақты стандартты қызмет ету рәсімдерін әзірлеуді қарастырғаны жөн.
17. Сайлау дау-дамайларын қарауда уақытылылықтың және сайлау құқықтарын сыйлау арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету үшін, барлық шағымдарды тапсыруға үш күннен бес күнге дейінгі мерзімді және барлық сайлау дау-дамайларда үш күндік апелляция жазу мерзімімен және апелляцияларды қараудың үш күннен бес күнге дейінгі мерзімімен сот шешімдеріне қарсы апелляция жазу үшін ең кемінде бір инстанцияны белгілеу үшін Сайлау туралы заңға түзетулер енгізген жөн.
18. Сайлауға қатысушы мүдделі тұлғалардың барлық деңгейлердегі сайлау нәтижелеріне қарсы шағымдар жазу құқығын тікелей қамтамасыз ету үшін, сонымен бірге осындай шағымдар бойынша юрисдикцияны және сайлау нәтижелерін жарамсыз деп танудың объективті критерийлерді белгілеу үшін Сайлау туралы заңға түзетулер енгізілгені жөн. Заң Президентті лауазымға бекітудің шағымдар мен апелляциялар қаралуынан бұрын орын алмауын қамтамасыз етуі тиіс.
19. Прокурорлардың сайлау процесіндегі рөлінің азаматтық сайлау дау-дамайларын қараумен айналыспай сайлауға қатысты заңбұзушылықтарды тергеу ісімен және қудалаумен шектелуін қарастырған жөн. Бас прокуратура және Ішкі Істер Министрлігі сайлауға қатысты заңбұзушылық жасаған тұлғаларды тергеуді және қудалауды бүкіл сайлау кезеңінде сонымен бірге сайлау күні де белсенді түрде жүзеге асыруы тиіс.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

20. Қазақстанда сайлауға қатысушыларды тең құқықты түрде қатысуын және бейтарап және егжей-тегжейлі хабарлар таратуды қамтамасыз ететін, қоғам алдында жауапты, тәуелсіз хабар таратушы компания құру үшін Мемлекет меншігіндегі хабарлар

таратушы компаниялардың қоғамдық қызмет компанияларына өзгертілуін және бұқаралық ақпарат құралдары бойынша құқықтық базаға сәйкес түзетулер енгізуді қарастырған жөн.

САЙЛАУ КҮНІ

21. Дауыс беру сағаттарын тек ерекше, анық белгіленген жағдайларда өзгертілуіне мүмкіндік беруді қарастырған жөн. Дауыс беру сағаттарын өзгерту жөнінде шешім сайлау күнінен бұрын алдын ала қабылдануы тиіс және ашықтықты арттыру үшін кең көлемде жария етілуі тиіс.

ҚОСЫМША: САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Тіркелген сайлаушылардың жалпы саны	9 200 298
Қатысқан сайлаушылардың жалпы саны	8 279 227
Заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	8 216 370
Жылжымалы дауыс беру кезінде берілген дауыстардың жалпы саны	211 142
Сайлауға келген азаматтардың жалпы саны	89,98%

Облыс	Ахметбеков мырза		Елеусізов мырза		Қасымов мырза		Назарбаев мырза	
	Дауыстар	%	Дауыстар	%	Дауыстар	%	Дауыстар	%
Ақмола	5 430	0.07	3 545	0.04	8 301	0.10	431 451	5.25
Ақтөбе	3 631	0.04	3 793	0.05	5 003	0.06	391 052	4.76
Алматы	8 444	0.10	7 009	0.09	8 613	0.10	820 358	9.98
Атырау	3 793	0.05	2 698	0.03	6 945	0.08	253 682	3.09
Шығыс Қазақстан	8 292	0.10	9 741	0.12	11 673	0.14	775 336	9.44
Жамбыл	3 002	0.04	2 956	0.04	18 938	0.23	437 012	5.32
Батыс Қазақстан	5 851	0.07	6 029	0.07	11 095	0.14	333 777	4.06
Қарағанды	7 479	0.09	6 099	0.07	7 697	0.09	704 833	8.58
Қостанай	5 544	0.07	7 271	0.09	10 722	0.13	499 507	6.08
Қызылорда	4 154	0.05	9 977	0.12	7 137	0.09	333 788	4.06
Маңғыстау	2 648	0.03	2 459	0.03	2 980	0.04	228 386	2.78
Павлодар	4 364	0.05	3 011	0.04	6 084	0.07	392 138	4.77
Солтүстік Қазақстан	4 161	0.05	1 861	0.02	6 642	0.08	352 294	4.29
Оңтүстік Қазақстан	16 970	0.21	9 807	0.12	19 946	0.24	1 055 240	12.84
Астана қаласы	5 678	0.07	3 493	0.04	4 118	0.05	243 118	2.96
Алматы қаласы	22 483	0.27	14 703	0.18	23 142	0.28	598 986	7.29
Жалпы саны	111 924	1.36%	94 452	1.15%	159 036	1.94%	7 850 958	95.55%

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комитеті;
http://election.kz/portal/page?_pageid=73,1584869&_dad=portal&_schema=PORTAL

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ТУРАЛЫ

Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) қатысушы мемлекеттерге «адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын толығымен сыйлауды, қамтамасыз етуге, құқықтық нормаларды сақтауға, демократия қағидаларын кеңінен таратуға және (...) демократиялық институттарды құруға, нығайтуға және қорғауға, сонымен бірге бүкіл қоғамға толеранттылықты кеңінен таратуға» көмектесетін ЕҚЫҰ-ның негізгі институты (1992 жылғы Хельсинки саммиті құжаты). Бұл ЕҚЫҰ адам өлшемі деп аталады.

Варшавада (Польша) орналасқан ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 1990 жылғы Париж саммитінде Еркін сайлау бойынша бюро ретінде құрылды және 1991 жылы мамырда жұмысын бастады. Бір жыл өткен соң Бюроның атауы мандаттарының адам құқықтарын және демократияландыру кіргізіліп, ауқымының кеңейгенін ескеру мақсатымен өзгертілді. Бүгінгі күні онда 130 қызметкер қызмет етеді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ **сайлауды байқау** саласындағы Еуропадағы жетекші мекеме болып табылады. бұл мекеме жыл сайын мыңдаған байқаушыларды ЕҚЫҰ аймағындағы сайлаулардың ЕҚЫҰ-ның демократиялық сайлау бойынша міндеттемелеріне, басқа халықаралық стандарттарға және ұлттық заңнамаға сай болу дәрежесін бағалауға жолдауды үйлестіреді және ұйымдастырады. Оның бірегей әдістемесі бүкіл сайлау процесін жан- жақты түсінуді қамтамасыз етеді. Көмек жобалары арқылы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге олардың сайлау бойынша құқықтық базаларын жетілдіруге көмектеседі.

Бюроның **демократияландыру** қызметтеріне: құқықтық нормалар, заң шығарушы өкіметке қолдау көрсету, демократиялық басқару, миграция және қозғалыс бостандығы, сонымен бірге гендерлік теңдікті сақтау жатады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ демократиялық құрылымдарды дамыту мақсатымен жыл сайын бірқатар көмек көрсету бойынша арнайы бағдарламаларды жүзеге асырады.

Сонымен бірге ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге олардың **адам құқықтарын** және негізгі бостандықтарды кеңінен тарату және қорғау міндеттемелерін ЕҚЫҰ-ның **адам өлшемдері** міндеттемелеріне сәйкес орындауға көмек көрсетеді. Осыған қол жеткізу үшін тақырыптық бөлімдер бойынша, соның ішінде терроризмге қарсы күресте адам құқықтарын сақтау, сатылған тұлғалардың адам құқықтарын қорғауды күшейту, адам құқықтары бойынша білім беру және оқыту, адам құқықтарының сақталуына мониторинг жүргізу және есеп беру, сонымен бірге әйел құқықтарын мен қауіпсіздігін қорғау бойынша ынтымақтастықты дамыту, мүмкіндіктерді жетілдіру және кәсіби білім беру мақсатымен әртүрлі серіктестермен бірге жұмыс жүргізіледі.

Толеранттылық және **дискриминацияны болдырмау** саласы бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге өшпенділік негізінде жасалған қылмыстарға және расизм, ксенофобия, антисемитизм оқиғаларына және төзбеушіліктің тағы басқа түрлеріне қарсы шараларын күшейтуде қолдау көрсетеді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның толеранттылыққа және дискриминацияны болдырмауға қатысты қызметі келесі салаларға шоғырландырылған: заңнама; құқық қорғау бойынша оқыту; мониторинг жүргізу, есеп беру, сонымен бірге өшпенділік негізінде жасалған қылмыстарға және оқиғаларға қарсы шараларды қадағалау; сонымен бірге толеранттылықты, сыйластықты және өзара түсінуді кеңінен тарату мақсатымен білім беру қызметі.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге олардың **Сыған және Синти қауымдары** бойынша саясаттары жөнінде кеңес береді. Ол арасында қауымдарының мүмкіндіктерді дамыту және байланыстар құру қызметтерін кеңінен таратады және Сыған және Синти қауымдарының өкілдерінің директивалық органдарға қатысуын қолдайды.

ДИАҚБ-ның барлық қызметтері ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттермен, ЕҚЫҰ институттарымен және аймақтық жұмыстарымен, сонымен бірге тағы басқа халықаралық ұйымдармен тығыз үйлесімдік және ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылады.

Қосымша ақпаратты ДИАҚБ вебсайтынан алуға болады: (www.osce.org/odihr).